Бұл, әрине, бастауыш мектепте ағылшын тілі сабағында қолданылатын ойын тапсырмаларының толық тізімі емес. Бір ойын сабақтың әр түрлі кезеңдерінде пайдаланылуы мүмкін.

Ағылшын тілі сабағында ойындарды үнемі қолдану керек. Тек осы жағдайда ғана білім алушыларда белсенді оқу-танымдық қызмет қалыптасады, бұл шет тілін меңгерудің жаңа сапалы деңгейіне жеткізеді.

Ойын интеллект, танымдық іс-әрекет, шығармашылық, белсенділік саласында жаңа мүмкіндіктерді ашады. Мұғалім ойын мен оқу-тәрбие үдерісін біріктіре отырып, сабақта оқу процесінен оң эмоциялардың пайда болуына және пәнді оқу кезіндегі қызығушылыққа ықпал ететін жақсы шығармашылық жағдай жасайды.

Бастауыш сынып мұғалімі **Надежда Александровна Малютина** коммуникативтік дағдыларды қалыптастыруға арналған оқыту тәсілі ретінде түрлі ойын технологиялары мен тәсілдерін қолданады:

- оқу-тәрбие үрдісіне көптілділікті енгізудің ең алғашқы қадамы – бір-бірінің үш тілде күнделікті сәлемдесуі. Ертегі кейіпкері, орыс, қазақ және ағылшын тілдерінде балалармен қоштасып, қызығушылық тудырады;
- сөздікпен жұмыс жүргізу кезінде сөздер аударылады;
- мәтіндерде аударманы қажет етпейтін интернационалдық сөздер көрсетіледі. Мысалы: автобус, трамвай, троллейбус, телефон – орыс және қазақ тілдері үшін ортақ сөздер;
- кез келген бөлімнің лексикалық тақырыбын үш тілде ашқан кезде көптеген жаңа сөздер енгізіледі. Мысалы, «Мой родной край» бөлімін оқыған кезде гора - тау - mountain, река - өзен - river , степь - дала - steppe , лес - орман – forest;
- литерлік оқу сабақтарында түрлі мәтіндерде негізгі ой анықталып, екі тілге аударылады. Білім алушылар оқулықпен жұмыс істейді, сөйлеуді дамытады, мәтіннің негізгі ойы мен тақырыбын анықтай алады;
- математика сабағында – бұл үш тілде 20-ға дейін тура және кері тәртіптегі есеп;
- жаратылыстану және дүниетану сабақтарында – әр түрлі терминдер. Мысалы: космос - ғарыш - space.

Бірінші санатты ағылшын тілі пәні мұғалімі **Марианна Александровна Альварес** сөздерді есте сақтаудың **ассоциативті әдісін** тиімді әрі кең тараған деп санайды. Психологиялық тұрғыдан сөздер ассоциациясын педагог балалармен бірге өздері ойлап табады. Мысалы:

1) buy – покупать (скажи деньгам «бай-бай»);
2) sleep – спать (когда хочется спать, то слипаются глаза);
3) she – она (не шипи змея);

4) cup – чашка (капля попала мне в чашку).

Дайын ассоциациялар әдісі:

1) they – они (They чата (зайчата) они всегда пушистые!);

2) must – должен (Этот Musttак мне должен!);

3) he – он (Он НеНекает за спиной).

Сөздерді еркін есте сақтаудың келесі әдісі – ағылшын тілін ән бойынша үйрену. Ән тыңдай отырып, білім алушылар белгілі бір сөздерді есте сақтап, сөйлемнің құрылымын түсіне алады, өйткені ағылшын тілінде сөйлемдегі сөздердің тәртібі тұрақты.

Физикалық әрекет әдісі етістіктерді есте сақтау үшін қолайлы. Қандай да бір әрекетті орындау кезінде шет тілінде етістік айтылады.

«Қағаз моншақ» әдісі - 20-40 шағын қағаз тіктөртбұрыштар кесіледі. Бір жағында шетел сөзі, екіншісінде – аудармасы жазылады. Жіпке тізіп, кез келген ыңғайлы сәтте оқушы сөздерді қайталайды.

Лейбл әдісі – пәтерде, сыныпта, мектепте орналасқан кез келген зат атауы жазылады да, ыңғайлы жағдайда дауыстап оқылады.

Сөздерді есте сақтаудың тиімді тәсілдерінің бірі **Дмитрий Петровтың әдісі** болып табылады, -ция, -сия біртипті жалғауы бар барлық орыс сөздері -tion, -sion жалғаулы ағылшын сөздеріне өзгереді. Мысалы: администрация – administration, ассимиляция – assimilation, акция – action.

Келесі **«Сөздегі бір немесе бірнеше әріптерді алып тастау» әдісі**, егер кейбір орыс сөздерінде бір немесе екі әріпті алып тастаса немесе ауыстырса, онда ағылшын сөзі шығады. Мысалы: leg-o-leg(аяғы), кук-ла-cook (пісіру).

Педагог оқу үдерісі барысында осы әдістер мен тәсілдерді қолдану лексиканы көп мөлшерде есте сақтауға мүмкіндік беретінін, білім алушыларды сөйлеу қызметіне ынталандыратынын көрсетеді.

Өскемен қаласының дарынды балаларға арналған валеологиялық мамандандырылған мектеп-кешені директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары, педагог-зерттеуші **Анастасия Геннадьевна Ермакова** интеграцияланған сабақтарды өткізу оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту үшін тиімді нысан болып табылатынына сенімді. Осы мектеп педагогтерінің сәтті тәжірибесі интеграцияланған оқыту білім алушылардың пәнге қызығушылығын сақтайтынын және сабақта ізденіс пен шығармашылық атмосферасын құратынын дәлелдейді.

Ең сәтті әдіс – осы сабақтарды бірлесіп жоспарлау. Одан әрі әдеби оқу, музыка, бейнелеу өнері бойынша жақын тақырыптар оларды біріктіру үшін анықталады. Ол үшін үйлестіру кеңесінде осы пәндердің жұмыс бағдарламалары талданады.

Құрастыру кезеңінде сабақтың мазмұны жалпы сипатта, материалды нақтыламай жасалады: сабақтың композициясы әзірлененіп, оның негізгі бөліктері анықталады. Жұмыс басты мақсатты анықтаудан басталады, ол сабақтың лейтмотивіне айналады.

Мақсатқа сәйкес сабақтың мазмұны қалыптасады. Әріптестермен «брейнсторминг» әдісін пайдалана отырып, шығармашылық топ мүшелері

сабақтың әр түрлі нұсқаларын, жұмыс әдістері мен түрлерін ұсынады. Алуан түрлі идеялар мен нұсқалардың ішінен қойылған мақсатқа сәйкес келетін оңтайлы шешім таңдап алынады.

Сабақтың мазмұны бойынша келесі кезең – өзіндік шығармашылық кезеңі: әр мұғалім өз бағыты бойынша материалды өз бетінше таңдайды. Мұғалімдер үшін кіріктірілген сабақ топта жұмыс істей білуді, әртүрлі жолдар мен әдістер арқылы жалпы нәтижеге келіп, стандарттан тыс ойлауды өзін-өзі тексеру ретінде қарастырылады.

Содан кейін шығармашылық топ сабақтың жоспар-конспектісін жасауға кіріседі. Барлық жиналған материалды қарап, барлығының ішінен ең қажетті ақпаратты ғана іріктеу жүргізіледі. Бұл кезеңнің басты міндеті – интеграцияланған бөліктер арасындағы нақты шекарасы жоқ тұтас сабақты құру.

Кіріктірілген сабақтың негізгі сипаттамалары:

- Көп дауыстылық – педагогикалық үдерістің әрбір қатысушысының қарастырылатын кез келген мәселе бойынша жеке көзқарасының болуы мүмкіндігі.
- Диалог – мұғалімдер мен оқушылардың қарым-қатынасының диалогі олардың бір-бірін тыңдау және есту, бір-біріне мұқият қарау, проблема жайлы өз көзқарасын қалыптастыруға, өз міндеттерін шешу жолында көмек көрсету іскерлігін көздейді.
- Ойлау әрекеті – педагог пен оқушылардың белсенді ойлау қызметін ұйымдастыру. Педагогтардың дайын білімді оқушылар санасына көрсетпеу, олардың өзіндік танымдық қызметін ұйымдастыру.
- Табыстылық жағдайын жасау: табысты жағдаятын жасау үшін жетекші жағдайлар – оқушыларға оң және оптимистік баға беру.
- Рефлексия – педагогикалық үдеріске қатысушылардың өз іс-қимылы мен өзара іс-әрекетін өзін-өзі талдауы, өзін-өзі бағалауы.

Бірінші кезең – дайындық кезеңі. Дайындық барысында мұғалімдердің сабақтағы «рөлі» анықталады. Мұғалімдер жұппен жұмыс істеуі керек, егер жетекші рөлді белгілі бір сәтте бір педагог атқаратын болса, екінші педагог жұмыс жасамай отырмауы тиіс: ол келесі кезеңге дайындалады немесе балалардың жұмысын бақылайды, оларға көмектеседі. Дайындық кезінде сабақтың хронометражы өткізіледі, ол сабақтың барысын нақты анықтауға және белгіленген уақытта барлық тапсырмаларды орындап үлгеруге көмектеседі. Оқушыларға жаңа материалдың бір бөлігін алдын ала дайындауды ұсына отырып, кіріктірілген сабаққа дайындалуға білім алушыларды да тартуға болады. Соның нәтижесінде сабақ рөлге бөлініп оқытылатын болады.

Екінші кезең – атқарушы кезең. Кіріктірілген сабақтың бірінші сатысының міндеті оқытылатын тақырыпқа қызығушылықты ояту, әр түрлі курстардан алынған тақырып бойынша білімді өзекті мәселеге айналдыру және

әрі қарай жалғастырып оқудың немесе мақсат қоюдың бағытын айқындау болып табылады. Ол үшін бірқатар тәсілдер қолданылады:

- «Миға шабуыл»;
- кілт сөздер, схема бойынша болжам жасау;
- балама тест (дұрыс немесе дұрыс емес айтылған сөздер);
- сабақта жауабын беру керек болатын сұрақтарды құрастыру;
- кластер;
- «сәйкестендіру тізбегі»;
- жұмбақтар; ребустар;
- презентация слайдтары;
- бейнеүзінділер.

Кіріктірілген сабақтың басталуы увертюра – көркем-педагогикалық шығарма секілді сабаққа салтанатты шақыру сияқты болады. Сондықтан да осы кіріспенің режиссурасын мұқият ойластыру керек. Оқушылардың қызығушылығын ояту тәсілдері әртүрлі болады. Сабақты өткізу кезінде оны жаңашылдық, қарама-қайшылық, ақпараттың жеке маңыздылығы және оның әдеттен тыс болуы сияқты элементтермен қамтамасыз ету көзделеді.

Бұл кезеңде оқушылар жаңа ақпаратты түсінудегі өздерінің жетістіктерін қадағалай алатындай етіп жаңа материалмен жұмысты ұйымдастыру маңызды.

Сабақтың міндетті элементі – балалардың қиялын, шығармашылық ойлауын, ой-өрісін дамытатын тапсырмаларды, оқу ақпаратын белсенді түрде іздестіру және талқылау болып табылады.

Бекіту кезеңінде сабаққа басқа кезеңдермен салыстырғанда анық, нақты, жеке жұмыс жасауға сай келетін жаттығулар кіреді.

Сабақтың қорытынды бөлімінде сабақта айтылғандардың барлығы қорытындыланады: оқушылардың пікірлеріне қорытынды жасалады, қорытынды шешімдер тұжырымдалады. Сабақта жоспарланған пәнаралық байланыстарды оқушылар өздері анықтаулары керек. Сабақтың басталуы сияқты, оның соңы да оқушыларға күшті эмоционалды әсер қалдыруы керек.

Сабақтың қорытынды бөлімінде энергия беретін жаттығулар қолданылады:

- «Менікін қайтала және өзіндікін қос» тәсілі қысқа мерзімді жедел жадыны дамытады, оқылатын тақырып бойынша оқушылардың білімін анықтауға көмектеседі. Бұл тәсілді ойын-эстафета түрінде өткізуге болады. Мұғалім (немесе оқушы) тезисті атайды да эстафеталық таяқшаны көршісіне береді, ол тезиске дәлел келтіреді де таяқшаны келесі оқушыға береді, келесі оқушы өзінің білгенін косып айтады және әрі қарай жалғастырады.
- «Қобдиша» тәсілі ойлау операцияларын дамытуға, басты ақпаратты жалпылауға және ерекшелеуге, сонымен қатар заттың дұрыс таңдалғандығын дәлелдеу кезінде сөйлемді дұрыс құрастыра отырып ауызша сөйлеуді дамытуға бағытталған. Педагог қобдишаны оған заттарды салумен, мысалы, табиғи құбылыстың қасиеттерімен, бейнеленген заттың сапасымен, кейіпкердің мінез-құлқымен, кейіпкерге деген тілектермен, технология және т.б. бойынша

тапсырмаларды орындау кезінде керек болатын заттармен толтыруды ұсынады. Білім алушылар өздерінің таңдауларын міндетті түрде түсіндірулері қажет.

▪Бекіту кезеңінде өзара тексеру ретінде «Сұрағым келеді» немесе «Сұрақ қой» тәсілін қолданамыз. Бұл тәсіл оқу материалына деген қызығушылықты арттыруға бағытталған және мазмұнды сұрақтарды құрастыра білу қабілетін қалыптастырады. Педагог оқытылған материалға қатысты мүмкіндігінше көп сұрақтар құрастыруды сұрайды немесе сұрақтардың нақты санын көрсетеді. Оқушы «Менің сұрағым келетіні...» деген сөзден бастай алады немесе бірден қызықтыратын сұрақты қоя алады. Сұрақтарды дайындау үшін біраз уақыт беріледі, сұрақтарды параққа жазуға болады. Басталуы сұрақ түріндегі сөздерден (қалай, неге, қайда және т.б.) тұратын карточка түрлерін дайындауға болады.

▪Кіріктірілген сабақтарда ойлай алатын, аландаушылық білдіре алатын, әрекет етуге қабілетті баланың жеке басының дамуындағы динамикасын педагогке көруге мүмкіндік беретін рефлексия әдісі міндетті түрде қолданылуы керек. Рефлексия кезеңінде «Еркін пікір алмасу» әдісі тиімді болып табылады. Аталған тәсілді іске асырудың мақсаты оқушыларды сабақтан алған жалпы әсерлерін бағалауға итермелеуден тұрады.

▪Сабақта, сондай-ақ оған дайындық барысында болған барлық нәрсе еркін сөйлесудің мазмұны болып табылады. Сөйлесудің мазмұны бойынша: ең жақсы баяндама үшін, ең жақсы сұрақ үшін, тезистің ең жақсы түсініктемесі үшін, ең жақсы талданған пікір үшін, бірегейлік үшін, мәселені қарастырудағы тереңдігі үшін, топтан ең жақсы сөйленген сөз үшін, сараптамалық пікір үшін, бағалау пікірлері үшін номинациялары тағайындалады. Ақпартты, пікірлерді білдіру нысандары ретінде: қошемет сөз, «Мен – хабарлама» («Мені әрқашан таң қалдыратыны, тамсандыратыны…»; «Маған әрдайым ... қызықты болатын» және т. б.), бір-біріне қойылған сұрақтар, («Бұны қалай істедің?"; «Сен оны қай жерден таптың?» және т. б.) бола алады.

Кіріктірілген сабақпен жұмысының үшінші кезеңі – рефлексивті немесе бағалау болып табылады. Бұл кезеңде сабаққа талдау жүргізіледі: жақсы жүргізілген талдаусыз мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін дамыту және жетілдіру мүмкін емес. Сондықтан да шығармашылық топ өткізілген сабақты мұқият талдайды.

Кіріктірілген сабақтарда балалардың жұмыс жасауы жеңіл болады және олар көлемі бойынша ауқымды материалды қызығушылықпен меңгереді.

Бастауыш сынып оқушыларының алған білімдері және дағдылары олардың практикалық қызметінде стандартты оқу жағдайларында ғана қолданылмайды, сонымен қатар шығармашылық дербестік танытуға жол беретіні маңызды.

Жалпы алғанда, дарынды балаларға арналған Шығыс Қазақстан облысының валеологиялық мамандандырылған мектеп-кешені педагогтерінің жұмыс тәжірибесі коммуникативтік дағдыларды дамыту көптілді білім беру жағдайында неғұрлым тиімді және өзекті екендігін дәлелдейді. Осы мектеп-

кешенде білім алушылар бірнеше тілді: қазақ, орыс, ағылшын, француз тілдерін үйренеді. Сондықтан да оқытудың тиімді әдістері тілдік пәндерді оқытатын барлық сабақтарда, сондай-ақ кіріктірілген сабақтарда қолданылады.

Мектеп директоры, педагогика ғылымдарының докторы, ҚПҒА академигі, ҚР құрметті қызметкері, шебер педагог **Ахаева Наталья Васильевна** мектеп педагогтарының көптілділікті дамыту үшін кешенді бағдарламаны жүзеге асыру бойынша жұмыс жасап жатқандығын, онда оқушыларды үш тілді оқуға тартуға, олардың коммуникативтік дағдыларын дамытуға бағытталған негізгі іс-шаралар көрсетілгендігін айтты, мысалы:

- «Тілдер күні» және Қазақстанның тілдік мәдениетінің сан алуан түрлілігін ашатын басқа да мерекелер;
- тілдер бойынша жыл сайынғы мектеп олимпиадалары (қазақ, ағылшын);
- «Жас полиглот» байқауы, жарты жыл және жыл ішінде тілдік пәндер бойынша үздік баға алған шет тілдерін оқитын талантты оқушыларды анықтауды көздейді;
- тілдік пәндері бойынша ашық сабақтар апталығы;
- қазақ және ағылшын тілдерінде таңғы жаттығуларды және үзілістерді өткізу;
- қазақ және ағылшын тілдері сабақтарында және күннің екінші жартысында (титрмен) мультфильмдерді көру;
- «Let' s read English» акциясы (бастауыш сынып оқушыларының ағылшын тілінде ертегілерді оқуы);
- оқушылардың шығармашылық ойлау қабілетін дамытып қана қоймай, білімнің түрлі салаларында шетел тілін пайдалануға ықпал ететін 3 тілде қабырға газетін шығару;
- оқушылардың, педагогтер мен ата-аналардың қазақ және ағылшын тіліндегі тақырыптық сөздіктерді сабақта ғана емес, сыныптан тыс іс-шараларда да пайдалануы;
- ақпараттық орта құру (стендтер мен көрнекі материалдарды үш тілде рәсімдеу).

Өзара ынтымақтастық туралы келісімшарт шеңберінде мектеп Қазақстан-Американдық еркін университетімен бірігіп жұмыс жасайды. Аталған ынтымақтастық балабақша тәрбиеленушілері мен бастауыш мектеп оқушылары үшін тілдік білім беру ортасын құруды көздейді, бұл өз кезегінде ағылшын тілін үйренудегі сабақтастықтың шешімін табады. Сонымен қатар, дарынды балаларға арналған валеологиялық мамандандырылған мектеп-кешені Шығыс-Қазақстан облысында француз тілін оқыту бойынша пилоттық мектеп болып табылады. Мектеп педагогтері «Францияның тілі мен мәдениеті» білім беру бағдарламасын іске асыру моделін әзірледі (8-сурет)



8-сурет

Жоба аясында оқушылардың кәсіби және тұлғалық дамуының қазіргі заманғы жүйесін құруға, педагогтердің біліктілігін арттыруға байланысты француз тілін, мәдениетін және білім беруді дамыту мақсатында Париж қаласындағы «EUROPASIA» халықаралық білім беру қауымдастығымен ынтымақтастық туралы Меморандум жасалды.

Мектеп директоры Н. В. Ахаева атап өткендей, үш тілде оқыту, нәтижесінде оларды жетік деңгейде меңгеру, білім алушылардың академиялық ұтқырлығына, олардың халықаралық кеңістікте еркін бағыт-бағдар алуына, әртүрлі халықтардың мәдениеті мен дәстүрлерін білуіне мүмкіндік береді.

Алматы облысы Іле ауданы №7 орта мектебінің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі **Мейрамбек Сейітұлы Қаржаубаев** коучинг әдісін қолданады.

Коучинг – (ағыл. coaching) өткізілу барысында коуч білім алушыға белгілі бір кәсіби мақсатқа жетуге көмектесетін әдіс. Коучинг нақты белгіленген мақсаттарға жетуге бағытталады және білім алушыға перспективаны өзгертуге, қалаған мақсатына жету үшін жаңа тәсілдерді көруге көмектесетін ден қойып тыңдау, сұрақтар қою, нақтылау, қайта фразалау сияқты техникаларды қамтиды.

Педагог «Сөйлеу дағдылары коммуникацияның маңызды тәсілі ретінде» тақырыбына коучинг ұсынады. Коучингтің мақсаты жас педагогтарға ауызша сөйлеу дағдыларына оқыту мәселелерін шешуде көмек көрсету және осы

бағытта өткізілген эксперименттерді талқылау болып табылады. Коучинг өткізу үшін интерактивті тақта және арнайы дайындалған карточкалар қажет. Коучинг ұзақтығы – 40 минут.

Коучингтің басында сөйлеу дағдылары туралы қысқаша ақпарат беріледі. Коуч сөйлей білу – кез-келген уақытта және кез-келген жағдайда сөйлей білу екендігін атап өтеді. Бұл жағдайда өзіңіз туралы: кім екендігіңіз, өз жұмысыңыз, қарым-қатынас шеңберіңіз және т. б. туралы айта білу керек. Осылар туралы айту үшін сөйлеу дағдысы қажет.

Коуч тыңдаушылардың назарын **сөйлеу қарқыны, сөйлеу дәлдігі және коммуникативтік тәжірибе** сияқты үш негізгі сәтке аударады.

Сөйлеу қарқынын дамыту үшін ауызша және жазбаша топтық тапсырмалар орындалатын шағын топтармен жұмыс жүргізу ұсынылады. Оған белгілі бір уақыт аралығында мәтіндердің мазмұнын талқылай отырып оқу, толық жауап беруді қажет ететін сұрақтар қою, толық жауаптар талап етілетін сұрақтар қою, презентациялар әзірлеу сияқты тапсырмалардың түрлері кіреді.

Қарқынды сөйлеу дәрежесіне жету үшін коуч айтылғандармен қатар коммуникативтік дағдыларды қалыптастыруға көмектесетін оқу және жазу арқылы сыни ойлауды дамыту технологиясын қолдануды ұсынады.

Топтармен жұмыс жүргізген кезде бейнежазба жүргізілі ұсынылады. Шағын топтарда жұмыс істеу және бейнежазбаларды көру білім алушыға рефлексия кезеңінде өзінің күшті және әлсіз жақтарын бағалауға, басқаларды бағалауға және өз сөзіне берілген бағаны естуге мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде конструктивті сынды дұрыс қабылдауға мүмкіндік береді.

Коуч сөйлеудің дәлдігін бір нәрсені қатесіз жасау қабілеті ретінде түсіндіреді. Сөйлеген сөз нақты болу үшін коуч оқушыларға сөздің лексикалық мағынасы, сөзді қолданудың ерекшеліктері, осы сөздің грамматикалық формаларының ерекшеліктері, айтылу ерекшеліктері туралы толық ақпарат беруді ұсынады. Коуч оқушының айтқан сөзінің мағынасын жеткізе отырып, оның қарқынды сөйлей алатындығын айтады, бірақ бұл ретте ол көп қателер (грамматикалық, стилистикалық, фонетикалық) жіберіп, сөзін дәл жеткізе алмау мүмкіндігіне назар аударады. Алдын алу шаралары ретінде белгілі бір контексте сөздер мен сөйлемдерді дұрыс қолдануға, грамматика ережелері туралы білімдерін тексеруге және оларды қолдануға бағытталған жаттығуларды орындауды ұсынады. Ол жаттығулар оқушыларға өз қателіктерін байқап, оларды түзетуге көмектеседі.

«Коммуникация практика ретінде» теория мен практиканың өзара байланысы жайлы біздің түсінігімізді трансформациялап, коммуникация теориясына қызмет етеді. Коуч мұғалім мен білім алушылар арасындағы қарым-қатынас айтарлықтай дәрежеде еркіндік пен тәуелсіздік атмосферасын құрайтын интерактивті/диалогтік үлгі бойынша құрылуы тиіс және ол да білім алушылардың педагогпен өзара іс-әрекетіне әсер етеді деп есептейді. Коуч ертеңгі күннің үздік сөз шеберлері мен жазушыларының пайда болуына жағдай жасауға, өз оқушыларын сыни тұрғыдан ойлауға, басқалардың пікірлеріне құлақ түруге және бірлесіп жұмыс істеуге шақырады.

Қойылған мақсатқа жету үшін коуч **фильмдерді қарау мен талқылауды ұсынады**, өйткені қарым-қатынас адамдарға ой-пікірлерімен, идеяларымен бөлісуге және оларды кері алуға мүмкіндік береді. Бір қарағанда, бұл қарапайым болып көрінсе де, әңгімелесудің тиімділігі ақпарат алмасумен анықталады. Қарым-қатынас кезінде дене тілі, көру байланысы, қорытынды шығару, қайта фразалау, кері жауап қайтару реакциясы сияқты ақпарат алмасу элементтерін де ескеру қажет.

Егер бейнежазбаны тоқтата тұрып, келесі сұрақтарды қойса: «Тыңдаушы қолдарын кеудесіне айқастырып қойып тұр, ол нені білдіреді? Сөйлесуге қатысушылардың бет келбетін және дене тілін бақылау арқылы, не айта аласыз?» білім алушылар бейвербалды қарым-қатынастың негізгі элементтерін меңгере алады. Егер бейвербалды қарым-қатынас – бұл коммуникация процесінің маңызды және ажырамас бөлігі екендігін негізге алсақ, онда мимика, қимыл, қозғалыс, интонация және дауыс тоны мен көзқарас – барлық осы факторлар адресат пен адресант арасындағы ақпарат алмасу процесінің тиімділігіне әсер етеді.

Соңында коуч бір немесе екі білім алушыдан тапсырма бойынша нұсқауларды түсінгенін көрсетуді (сөйлеу арқылы), басқа білім алушылардан оның сұрағына жауап беруді сұрай отырып сондай-ақ қарапайым және анық нұсқаулықтар бере отырып педагогтың сыныпта сөйлейтін сөзін (ТТТ-ағылш. Teacher Talking Time) қысқартуды ұсынады. Тілдік пәнінің мұғалімі болу – бұл дәріскер болу емес. Сонымен қатар коуч басқа білім алушылардан сабақ тақырыбына қатысты фотосуреттерді көрсете отырып, оның сұрағына жауап беруді және бір сөзді айтпастан білім алушыларды сабаққа қатысуға шақыра отырып, білім алушының сөйлеу уақытын (STT - Student Talking Time) ұлғайтуды ұсынады. Коуч жақсы сөз шеберлері сөйлеуде қателіктер жіберсе де, ақпаратты қол жетімді түрде жеткізетіндігін атап өтті.

Сөйлесу – бұл адам сөзінің ең маңызды бөлігі, және бұл жерде идеялардың мүмкіндігінше табиғи түрде берілуі маңызды. Коуч еркін сөйлеуге көмектесетін бірнеше кеңестер береді, олар: оқытылатын тілде сөйлеу үшін сыныптағы кез-келген мүмкіндікті пайдалану, білім алушыларға оқытылып отырған тілде өздерінің сыныптастарымен және педагогпен сөйлесуге тапсырма беру, себебі олар оқып жатқан тілде неғұрлым көп сөйлесе, өздерінің ой-пікірлерін білдіру соғұрлым оңайырақ болады. Коуч оқылатын тілде сөйлеген кезде өздеріне сенімді болуға, хабарламаға қатысты дәлдікті сақтауға шақырады және тілді қолданып өз білімін көрсету қажет екеніне сендіреді, өйткені бұл сөйлесудің түпкі мақсаты болып табылады.

Г. М. Бадыгулова, Алматы қаласының №68 мектеп-гимназиясының неміс тілі мұғалімі, 7-8 сыныптарға неміс тілі пәні бойынша «Gelegenheiten mit Deutsch» бағдарламасын әзірледі және бұл бағдарламада оқушылардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға және оларды қолдану тәсілдеріне ықпал ететін оқытудың түрлі интерактивті түрлерін ұсынады.

Бағдарламаның мақсаты – неміс тілін оқытудың лингвоелтанымдық, мәдениеттану және әлеуметтік-мәдени компоненттеріне оқыту процесінде білім алушылардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру, есте сақтау және ойлау креативтілігін дамыту. Аталған мақсатқа оның өзара байланысты: тәрбиелік, дамытушылық, білім беру және практикалық компоненттерін біріктіріп қолданумен жетуге болады.

- Тәрбиелік компонент оқытылатын тіл елінің тілі мен мәдениетіне деген құрмет пен қызығушылықты, коммуникативтік-сөйлеу тактісін қалыптастыру; тапсырмаларды өз бетінше орындау; анықтамалық басылымдар мен шетелдік ақпарат көздерімен жұмыс істеуге баулу; әртүрлі салаларда мәдениетаралық қарым-қатынас жасауға, шетел тілін білім беру және өз бетінше білім алу құралы ретінде пайдалануға дайындау үшін білім алушыларды шетел тілін үйрену қажеттілігі түсінігін қалыптастыру; қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік, құрмет, ынтымақтастық, еңбек пен шығармашылық, ашықтық, өмір бойы білім алу Қазақстан жолының топтастырушы құндылықтары арқылы «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын іске асыруды қамтамасыз ету міндеттерін атқарады.
- Дамытушы компонент тұлғаның тілдік, интеллектуалдық және танымдық қабілеттерін дамыту; өздігінен білім алу қажеттілігін дамыту; жалпы оқу іскерліктерін дамыту; туған және шет тілдік мәдениеттің мәліметтері мен фактілерін талдау және салыстыру іскерліктерін қалыптастыру; шығармашылық ойлауды, қиялды, дербестікті дамыту міндеттерін көздейді.
- Білім беру компоненті сөйлеу, тыңдау, оқу, жазу дағдылары мен іскерліктерді дамыту; білім алушылардың эрудициясын, олардың лингвистикалық және жалпы ой-өрісін кеңейту міндеттерін жүзеге асырады.
- Практикалық компонент білім алушыларды мәдени қарым-қатынасқа, тілді тасымалдаушылармен тең дәрежедегі диалогқа түсуге, коммуникация процесінде өз ойларын өзге тілде тұжырымдау және хабарлау қабілетін қамтамасыз ететін коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру міндеттерін атқарады.

Коммуникативтік құзыреттілікті сөйлеу және тілдік құзыреттіліктермен бірге қалыптастыру және дамыту негізгі мазмұндық бөлік болып табылады. Коммуникативтік құзыреттіліктің даму деңгейі оқытудың нақты кезеңінде шетел тілінің сөйлеу дағдылары мен тілдік құралдарын меңгеру деңгейін анықтайды.

Бағдарламада ұсынылған тапсырмалар оқытудың белгілі бір кезеңінде білім алушылардан өз пікірін білдіруді, пікіріне қажетті дәлелдерді табуды, дара ақпаратты бір тұтастыққа келтіруді, қайшылықтарды анықтап оларды талдауды, өз көзқарасын негіздеуді және т.б. талап етеді. Бұл ретте білім алушылардың жазбаша берілген және ауызша айтылғандары қарым-қатынас жағдайлары мен мақсаттарында дұрыс қолданылатын еркіндіктің үлкен дәрежесімен, байланыстылығымен және қисындылығымен, сөйлеу құралдарының әртүрлілігімен сипатталады. Мәтіндермен жұмыс істеуге ерекше көңіл бөлінеді, оның шеңберінде білім алушыларда әртүрлі типтегі, стильдер

мен жанрлардағы қазіргі заманғы және классикалық мәтіндерді талдай білу дағдысын дамыту міндеті қойылады.

7-8 сыныптарда оқуға және тыңдауға арналған мәтіндердің көлемі айтарлықтай ұлғаяды. Білім алушыларға мәтінді өңдеу, қысқа эссе жазу, графикалық мәтіндерге түсініктеме беру және аргументтеу бойынша әртүрлі тапсырмалар ұсынылады. Жоба жұмыстар мен жобалық тапсырмалардың саны артады және мағыналық мәні тереңдейді. Оқу процесінде қажетті ақпаратты іздестіруді жеңілдететін және білім алушылардың танымдық және сөйлеу белсенділігін дамытуға ықпал ететін қазіргі заманғы техникалық оқыту құралдарын (ең алдымен компьютер) көбірек пайдалануға ұмтылу керек.

Неміс тілі сабақтарында педагог дискуссия сабақ, «Mind-maps» сабағы, жоба әдісі және т. б. сияқты әр түрлі интерактивті сабақ түрлерін қолданады.

Оқылатын тілді білім алушылардың меңгергендігінің дәлелі, олардың нақты тақырып бойынша әңгіме жүргізе алу қабілеті болып табылады, осы мақсатта педагог жиі сұхбат-сабақтарды өткізеді.

«Сұхбат-сабағы – бұл шетел тілін оқытуда коммуникативтік тәсілді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін оқу процесін ұйымдастырудың күрделі нысаны». Бұл оқу процесін нақты қарым-қатынас жағдайларына жақындатуға мүмкіндік беретін нысан және Р. П. Мильрудтың сөзімен айтқанда – «білім алушыларды шетел тілінде практикалық қарым-қатынас жасауға дайындау» болып табылады.

«Баспасөз мәслихаты» сұхбаты сабақтарда келесі түрде өткізіледі: бір - екі білім алушы берілген тақырып бойынша дайындалады (мысалы, олар диетологтардың («Дұрыс тамақтану» тақырыбы) немесе шақырылған қонақтың рөлінде болады). Қалғандары баспасөз мәслихатындағы репортерлерді бейнелеп, оларға алдын ала дайындап сұрақтар қояды. Сонымен қатар сабақта рөлдік диалог элементтерімен бірге пікір алмасу сұхбаттары қолданылады. Бұл жағдайда серіктестердің біреуі қазақстандық оқушының рөлінде қала берсе, ал екіншісі ақпарат алмасу бойынша өзіндік диалог болатын неміс құрдастарының рөлін атқаруы тиіс. Білім алушылардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыратын сабақтың мұндай түрі үлкен дайындықты қажет етеді. Білім алушылар өтетін тақырып бойынша педагог ұсынған әдебиеттер мен веб-сайт арқылы тапсырманы өздері орындайды, жауап алғысы келетін сұрақтар дайындайды.

Сонымен қатар, педагог Mind-maps сияқты сыни ойлауды дамыту технологиясында қолданылатын тәсілдерді шебер қолданады. Білім алушы ақпаратты меңгеріп қана қоймай, оны сыни тұрғыдан бағалауды, түсінуді үйренеді.

Mind-maps әдісін XX ғасырдың 60-70 жылдары американдық ғалым Тони Бьюзен ойлап тапты, оны кейде ақыл-ой картасы, интеллект-картасы, жад картасы, менталдық карта деп атайды. Mind-maps – ортасында кілт сөз / сурет тұратын және одан әр жаққа бұтақтар (категориялар, негізгі ұғымдар) одан әрі бұтақшаларға (тармақтар, тармақшалар) бөлініп тарайтын схема. Бұл менталдық карталарды 7-8 сыныптарда қолдану айтарлықтай нәтиже береді,

себебі білім алушылар қажетті ақпаратты таңдауды, құрылымға бөлуді және есте сақтауды ғана емес, сонымен қатар оны одан әрі басқа сабақтарда қолдануды үйренеді. Сабақты жеке, топпен, сондай-ақ барлық сыныппен ұйымдастыруға болады. Білім алушылардың неміс тілін қарым-қатынас құралы ретінде оқытуға мотивациялары артады. Олар берілген тақырып бойынша қажетті шешімді іздеген кезде педагог ұсынған сөздіктерді, анықтамалықтар мен басқа да жазбаша және ауызша ақпарат көздерін қолдануға қуана кіріседі.

Педагог квиз – Quiz (ағылш. т. «Quiz – қысқа жазбаша немесе ауызша тест, алдын ала өткізілетін емтихан, тексеру сауалнамасы; бос уақыт өткізудің танымал тәсілі: радио немесе теледидарлардағы түрлі тақырыптарға сұрақ-жауап ойыны; әдеби, музыкалық викторина») сияқты шынайы қарым-қатынас жағдайларын жасаудың тәсіліне ерекше назар аударады.

Сабақ материалдарын түсінгендігін бақылау үшін педагог Quiz-ді тест түрінде қолданады, ол кезде білім алушы дұрыс логикалық бірізділікпен әрекеттердің дұрыс тәртібін анықтай отырып, ұсынылған нұсқалардың қатарынан дұрыс жауапты таңдайды. Бұл біраз уақыт алады, бірақ педагог бұл әдіспен барлық сынып оқушыларын бір уақытта тексеруіне болады. Мысалы, Quiz «Umwelt und Naturschutz»: кәдімгі сабақ қоршаған ортаны және табиғатты қорғау тақырыбына бойынша қызықты тапсырмалар сериясына айналады.

Педагог қолданатын интерактивті оқытудың тиімді әдістерінің бірі – бұл оқушылардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру мақсатындағы жобалар әдісі. Бұл әдіс білім алушылардың танымдық дағдыларын, сыни және шығармашылық ойлауын дамытады. Жоба сабақтарын да жеке, жұптық, топтық және ұжымдық түрде өткізуге болады, бұл өз кезегінде оқушылардың коммуникацияға түсу қабілеттерін қалыптастырады.

Жоба бойынша жұмыс жасаған кезде білім алушылар өздерінің сөздік қорын кеңейтеді, елтанымдық және әлеуметтік-мәдени білімін байытатын Германияның салт-дәстүрлерімен, мәдени ерекшеліктерімен танысады.

Коммуникативтік құзыреттілік шетел тілде сөйлесуге мүмкіндік беретін, тілдік, коммуникативтік қабілеттер мен сөйлеу дағдыларының белгілі бір деңгейіне қол жеткізуді көздейді. Жоба тақырыбын енгізу, оны талқылау, түсініктеме беру де білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамытуға ықпал етеді.

Педагог аталған курстың оқу процесінде келесі тақырыптарды ұсынады:

Ауызша – сөйлеу және жазбаша қарым-қатынас тақырыбы

7- сынып

1. Mensch, Natur und Technik
2. Gesunde Ernährung
3. Wie Lernen funktioniert
4. Umweltaktionen
5. Nationalpark Wattenmeer
6. Medien

7. Berufswünsche

8-сынып

1. Kleidung und Einkaufen
2. Umwelt und Verkehr
3. Miteinander lernen
4. Zusammenleben
5. Jugend-und Hilfsorganisationen
6. Sich begegnen und verstehen
7. Sprechtraining

Өзінің бағдарламасында педагог оқушыларға қойылатын негізгі талаптар мен күтілетін нәтижелерді анықтады:

Тілдік қарым-қатынас құралдарын меңгеруге қойылатын талаптар. Орта кезеңде оқыту оқушыларда бағдарламалық тілдік материалды пайдалануда және оны оқу процесінде және одан тыс әртүрлі қарым-қатынас жағдайларында саналы түрде қолдануда үлкен сенімділікті қамтамасыз етуге бағытталған. Осы кезеңде фонетикалық, грамматикалық және лексикалық білімді кеңейту бойынша мақсатты және жүйелі жұмыс жүргізіледі, тиісті тілдік дағдылар жетілдіріледі.

Бұл жұмыстың мақсаты оқушылардың тілдік құралдарды жағдайға байланысты және сөйлеу ниетіне сәйкес пайдалану қабілетін қалыптастыру болып табылады. Сондай-ақ бұрын зерделенген сөздер мен грамматикалық құбылыстарды қайтадан қолданысқа әкелу, тілдік материалды жүйелендіру және жалпылау іскерліктерін дамыту қажет.

Сөйлеудің дауыстап айтылу жағы. Орта кезеңде оқушылардың фонетикалық дағдыларын одан әрі жандандыру, неміс тілінің барлық дыбыстарын дауыстап айту және оларды ажырата білу дағдысы, сөздер мен фразаларда дұрыс екпінді сақтау, сөйлемдерді мағыналық топтарға бөлу, әр түрлі сөйлемдерде дұрыс интонацияны сақтау және оларды меңгеру жалғасады. Есту-сөйлеу дағдылары, әсіресе жаңа тілдік материалға қатысты, одан әрі жетілдіріледі. Оқушылар шетел сөздерінің транскрипциялық белгілерімен танысады.

Сөйлеудің лексикалық жағы. Осы бағдарламаны іске асыру нәтижесінде оқушылар оқытудың осы кезеңінің тақырыптарымен және қарым-қатынастың тиісті жағдайларымен байланысты жаңа лексикалық бірліктердің мәнін, соның ішінде неміс тілді елдер мәдениетінің ерекшеліктерін көрсететін бағалау лексикасын, тілдік этикеттің реплика-клишесін білуі және түсінуі тиіс.

Дағдыларды дамыту және оларды тану және сөйлеуде қолдану. Оқушылардың сөздік қоры, әдетте, тақырыптық лексика арқылы кеңейеді. Оқылатын тақырыптардың шеңберінде оқушылар ауызша және жазбаша түрде сөйлей білуі тиіс, олар: өз пікірін, бір нәрсеге қатысты қарым-қатынасын білдіру үшін, яғни пікірдің субъективті реңктері үшін тілдік қарым-қатынас

жағдайына сәйкес келетін тілдік материалды пайдаланады; тұрақты сөз тіркестерін қолданады.

Шығармашылық жұмыстың тілді қолданудағы үлес салмағы артып келеді. Бұл ретте оқушылар өздерінің сөздік қорын өз бетімен кеңейтуді, жаңа сөздерді құрастыруды және оларды ауызша және жазбаша түрде қолдануды үйренуі тиіс.

Орта кезеңде оқушылар сөзжасамының негізгі заңдылықтарымен реті бойынша ақырындап танысады. Олардың анықтамалықтармен, бір және екі тілді сөздіктермен жұмыс істей білу қабілеті жетілдіріледі.

Тілдің грамматикалық жағы. Орта кезеңде оқушылардың бастауыш мектепте игерген білімдері кеңейтіледі, бұрын алған грамматикалық дағдылары жетілдіріледі, неғұрлым күрделі грамматикалық құбылыстар меңгеріледі. Оқушылар кең көлемдегі оқылған грамматикалық құбылыстардың мағынасын білуі және түсінуі тиіс.

Жұмыстың мақсаты оқушылардың өз пікірлерін дұрыс айтуды (мысалы, етістіктердің уақыт формаларын, есімдіктерді, жалғаулықтарды, сын есімдерді және т.б. дұрыс қолдану), грамматикалық тұрғыдан уақытша, логикалық, себеп-салдарлық қарым-қатынастарды сауатты жеткізуді (мысалы, себеп бағыныңқы сөйлемдерді немесе шартты бағыныңқы сөйлемдерді пайдалана отырып) дамыту болып табылады . Сонымен қатар, оқушылар мәтіндегі грамматикалық құбылыстарды танып, грамматикалық анықтамалармен жұмыс істеу үшін қажетті грамматикалық терминологияны меңгеруі тиіс.

Күтілетін нәтижелер. Осы бағдарламаны қолдана отырып оқыту нәтижесінде оқушылардың неміс тіліне, ол тілде сөйлейтін халықтардың мәдениетіне деген оң көзқарасы қалыптасады; оқушылар қазіргі әлемде неміс тілін оқудың маңыздылығын және оны қолдану қажеттілігін, сонымен қатар оның өзін-өзі жүзеге асыру және әлеуметтік бейімделу тәсілдерінің бірі екенін түсінеді.

Осы оқу курсын аяқтағаннан кейін оқушылар **білуі және түсінуі тиіс:**

- оқылған лексикалық бірліктердің (сөздердің, сөз тіркестерінің) негізгі мағыналарын; сөзжасамның негізгі тәсілдерін;
- оқытылатын шетел тілінің қарапайым және күрделі сөйлемдерінің құрылымының ерекшеліктерін; сөйлемдердің әртүрлі коммуникативтік түрлерін интонациялауды;
- оқыған грамматикалық құбылыстардың белгілерін (етістіктерді, құрмалас сөйлемдерді, зат есімдерді, есімдіктерді басқару, сын есімдерді, инфинитив орамдарды, қос жалғаулықтарды, ырықсыз етісті, райларды, үстеулерді, етістіктердің шақ формаларын септеу);
- оқытылып отырған тіл елінде қабылданған сөйлеу этикетінің негізгі нормаларын (реплика-клише, ең көп таралған лексика);
- қазіргі әлемдегі шетел тілдерін меңгерудің рөлін, оқытылатын тіл елдерінің өмір сүру, тұрмыс, мәдениетінің ерекшеліктерін (әлемге әйгілі көрікті жерлері, танымал тұлғалары және олардың әлемдік мәдениетке қосқан үлесі), өз

елінің және оқытылатын тіл елдерінің дәстүрлеріндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды.

Оқушылар білуі керек:

<u>Сөйлесім</u>

- қарым-қатынастың стандартты жағдайларында сөйлесу этикетінің нормаларын сақтай отырып, сөйлесуді бастау, жүргізу/қолдау және аяқтауды, қажет болған жағдайда қайталап сұрай отырып, нақтылауды;
- әңгімелесушіге сұрақтар қоя білуді және оның сұрақтарына жауап беруді, өз пікірін, өтінішін айта алуды, зерделенген тақырыпқа және меңгерілген лексика-грамматикалық материалға сүйене отырып, әңгімелесушінің ұсынысына келісумен/бас тартумен жауап беруді;
- өзі, отбасы, достары, өзінің қызығушылықтары мен болашақ жоспарлары туралы айтуды, өзінің қаласы, елі және оқып жатқан тілінің елі туралы қысқаша мәлімет беруді;
- қысқаша хабарламалар жасауды, оқиғаларды сипаттауды (өткен тақырыптар аясында), негізгі мазмұнды, оқыған немесе естігенінің негізгі ойын жеткізуді, оқыған/естігеніне өз көзқарасын білдіруді, кейіпкерлердің қысқаша сипаттамасын беруді; кейіпкерлердің әрекеттерін бағалауды;
- графикалық немесе суреттерде ұсынылған мәтін мазмұнын немесе сабақта талқыланатын мәселеге түсініктеме беруді, салыстыруды;
- өзінің пікірлері, ұстанымдары, жеке мәселелері, бірдеңеге немесе біреуге қарым-қатынасы туралы хабарлауды.

<u>Тыңдалым</u>

- әңгімелесушінің сөзін есту арқылы түсінуді;
- мәтіннің негізгі мазмұнын түсінуді және өзіне маңызды ақпаратты таба алуды, мәтін тақырыбын анықтай білуді, мәтіндегі басты фактілерді анықтауды;
- өткен лексика-грамматикалық материалда берілген және 2%-дан аспайтын бейтаныс сөздерді қамтитын 4 минутқа дейінгі кассетадан айтылатын дәйекті мәтіннің мазмұнын түсінуді;
- қайта сұрауды, қайталауды өтінуді.

<u>Оқылым</u>

- минутына 400-450 (7-сынып), 450-500 (8-сынып) баспа белгілері бар өткен лексика-грамматикалық материалдағы бейтаныс мәтінді жылдамдықта дауыстап оқуды;
- тақырып аты бойынша негізгі тақырыпты, мәтін мазмұнын анықтауды;
- әр түрлі жанрдағы түпнұсқалық, аутентті мәтіндердің негізгі мазмұнын түсінуді (тақырыпты анықтау, басты ойды анықтау, негізгі фактілерді таңдай білу, қосымшаларыа көп назар аудармау, мәтіннің негізгі фактілерінің қисынды дәйектілігін белгілеуді);
- мәтіннің мағыналық өңдеуінің түрлі тәсілдерін (тілдік болжам, грамматикалық талдау, таңдамалы аударма) пайдалана отырып, әр жанрдағы

күрделі емес мәтіндерді толық және дәл түсінуді, алынған ақпаратты бағалауды, өз пікірін білдіруді;

- қажетті немесе қызықты ақпаратты іріктеп түсіну арқылы мәтінді оқуды.

Жазылым

- оқытылатын тіл елдерінде қабылданған сөйлеу этикетінің формулаларын қолдана отырып, хаттар жазуды (жеке және іскерлік);
- шақыру, құттықтау, өмірбаян жазуды;
- хабарламалар, эссе жазу, жоспар құру, статистиканы сипаттауды.

Қарағанды облысының Ақадыр поселкесіндегі Ю. А. Гагарин атындағы лицей-мектебінің мұғалімі **Г. А. Нұрхайдарованың** ойынша, коммуникативтік қызметтің дамуы – тынымсыз және ұзақ процесс. Бұл жерде көрнекті педагог В.А. Сухомлинскийдің сөздерін келтіруге болады: «Балаларды логикалық ойлауға үйрету, өз ойларын білдіруге үйрету үшін оларды ойлайтын етіп шығару үшін көп күш салу керек».

Іскерліктер қызметте құрылады, ал коммуникативтік міндеттер білім алушылардың сабақтарда, сондай-ақ сабақтан тыс іс-әрекеттерде қарым-қатынас жасаулары барысында қалыптасады және жетілдіріледі. Педагог білім алушыларды екінші тілде – туған тіл емес, басқа тілде белсенді қарым-қатынас жасауға үйретуі керек.

Екінші тілді оқытудың сапасы мен тиімділігі, коммуникативтік дағдыларды дамыту көбінесе дұрыс таңдалған және дәйекті іске асырылатын жұмыс жүйесіне байланысты болады. Педагог сабақта қолданатын әдістер мен стратегиялар білім алушылардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруды қамтамасыз етеді, білім алушылардың тақырыпты толық меңгеруіне көмектеседі. Орыс тілі сабағында топтық іс-әрекетті ұйымдастыру коммуникативтік дағдыларды дамытуға үлкен мүмкіндіктер береді. Топтағы оқушылардың жұмысы оқу мотивациясын құруға, олардағы танымдық қызығушылықты оятуға, табысқа ұмтылуға, басқа білім алушылармен қарым-қатынас жасай білуге және өзара іс-қимыл жасауға көмектеседі.

Оқушылардың коммуникативтік қабілеттерін қалыптастыруға бағытталған топтық ойындардың мысалдары ретінде педагог түрлі әдістер мен тәсілдерді қолданады. Мысалы, американдық ғалым Дж. Белланс ойлап тапқан «Болжам ағашы» әдісі көркем мәтінмен жұмыс істеу үшін қолданылады. Бұл әдіс оқу және жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту үшін қолданылады, бейнелі ойлауды дамытуға, дәлелдер мен фактілерді сәйкестендіруге, олардың қиялдарын дамытуға және перспективті ойлай білуге көмектеседі.

«Абай жерінде» тақырыбы бойынша сабақ мысалында В. Гундаревтің «байланыс орнатыңыз» стратегиясының көмегімен білім алушылар видеороликте көрсетілген екі ақынның портреттерін (9- сүрет).,

9-сурет

және картада қаланы байланыстыруға және сабақ тақырыбын болжауға тырысады (10- сүрет).

10-сурет

«Карталарды орналастыру» стратегиясы (11- сүрет) білім алушылардың «Әлем халықтарының мәдениеті» бөлімінің тақырыбын толық меңгеруін қамтамасыз етеді, яғни өзінің мысалында қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау мәдениеті мұражайға бару ережесін және қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулықты өздері құру жолымен өңделеді. Білім алушылар «Туристер» бірінші тобы ретінде: Абай мұражайына келушілердің өздерін ұстау ережелері, «Гидтер» екінші тобы ретінде: Абай мұражайындағы қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықты құрайды.

№ 2-тапсырма. «Карталарды орналастыру» стратегиясы

1- топ. Сіз – Абай мұражайдың кызметкері, мұражай қызметкері ретінде қандай қауіпсіздік ережелерін сақтайсыз? Қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулықты құрыңыз.

2- топ. Сіз – Абай мұражайдың келушісі. Мұражайда келушінің өзін-өзі ұстау ережелерін құрыңыз.

11-сурет

Педагог оқыту процесінде көрсетілген кесте мысалында өзін-өзі бағалауды, сондай-ақ **формативті бағалау техникасы ретінде рефлексияны** міндетті деп санайды (12-сурет)

Мен өз көзқарасымды өзгерттім ...
Мен ... туралы көбірек білдім
Мен ... таң қалдым
Мен ... сезіндім
Мен ... қарадым.

- Мен жарадым, менің өз жұмысыма көңілім толады;

- Менде барлығы ойдағыдай болмады, мен бұдан да жақсы жұмыс істей аламын;


- Мен сабақта нашар жұмыс жасадым, менің өзіме көңілім толмайды.

12 - сурет

Сабақта әр түрлі жаттығуларды кезектестіру тілдік ойлау мен коммуникативтік біліктердің дамуына ықпал етеді. Білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда педагогтың ұстанымы да қағидатты түрде өзгереді. Ол оқушыға беруге тырысатын «объективті білім» иесі болуды тоқтатады. Оның басты міндеті білім алушыларды бастамашылық пен дербестік көрсетуге ынталандыру болып табылады.

Еліміздің педагогтары білім алушылардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру үшін тек тіл пәндері бойынша сабақтарда ғана емес, сонымен

қатар тілдік емес пәндерде оқу процесін ұйымдастыру кезінде, сонымен қатар пәндерді кіріктіріп оқыту кезінде оқытудың түрлі тиімді әдістерін қолданады. Оқытудың тиімді әдістері сөйлеу қызметінде лексикалық және грамматикалық материалмен жұмыс істеу кезінде білім алушылардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру үшін қолданылады.

Мысалы, оқыту кезіндегі қызмет түрлерін қарастырайық:

➢ **Фотосуреттер мен картиналар:** білім алушыларға картина, суреттер жиынтығы ұсынылады, оларға сүйене отырып, олар белгілі бір грамматикалық құрылымды пайдалануды болжамдай отырып, өз тарихын жасайды.

➢ **Ақпараттың алшақтығы** (Information Gap): әрбір оқушыда тұтасты құру үшін қажетті ақпараттың әр түрлі бөліктері бар. Жұмыс барысында олар кестені, диаграммаларды, сызбаларды толтыру үшін бір-бірімен ақпарат алмасады және олар толық тарихын айту керек немесе мәселені шешулері қажет.

➢ Логикалық басқатырғыштар (13-сурет):

Басқатырғышты оқыңыз! Бұл жерде қандай грамматикалық модельдерді қолдануға болады?

Фермер өзінің итімен, қоянымен және сәбіз толы себетімен нарыққа барады. Ол өзенге келеді, енді өзенді шағын қайықпен кесіп өту керек. Қайықта тек оған және бір жануарға немесе себетке ғана орын бар. Ол қоян мен итті қалдыра алмайды, өйткені ит қоянға тап береді немесе қоянды сәбізбен қалдыра алмайды, өйткені қоян сәбізді жеп қояды. Олар барлығы бірге өзен арқылы қалай өтеді?

Жауабы:

13-сурет

➢ **Үлгімен жасалатын жазбаша жаттығулар:** білім алушылар нақты грамматикалық құрылымды/модельді пайдалана отырып, жазбаша форманың үлгісін (мысалы, хат) алады. Олар сол үлгілерді пайдалана отырып, өзінің жазбаша үзіндісін дамытады.

➢ **Рөлдік ойындар:** оқушылар нақты өмір жағдайын модельдеуде рөлді қабылдай отырып, коммуникативтік жағдайда грамматикалық модельдерді практикалауға мүмкіндігі бар, ол жерде әлеуметтік факторлар оны пайдалануға әсер етуі мүмкін.

➢ **Сұхбат:** білім алушыларға әртүрлі тақырыптарға адамдардан сұхбат алу тапсырмасы беріледі. Тапсырма сол тілде сөйлеушілермен сөйлесу үшін белгілі бір грамматикалық модельді қолданатындай берілуі мүмкін.

➢ **Экскурсиялар:** білім алушылар белгілі бір ортаға тапсырмамен жіберілуі мүмкін, тапсырма сол арнаулы тілде белгілі бір үлгілерді қолдануды талап ететін болуы мүмкін.

➢ **Диалогтар:** педагог екі кейіпкердің әңгімесі арқылы грамматикалық форманы ұсынады.

➢ **Уақыт сызығы:** бұл графикалық ұйымдастырушы етістіктің әр түрлі уақытын салыстыру және оқыту үшін сәтті қолданылады.

➢ **«Қолдар» принципі** (14-сурет): саусақтар сөйлемнің бөліктерін бөлу үшін пайдаланылуы мүмкін. Әрбір саусақ сөйлемдегі жеке сөзді білдіруі мүмкін. Тиісті/белгілі бір саусақты көрсете отырып, мұғалім оқушыларға негізгі грамматикалық элементті қайдан табатынын, сөйлем қалай құрастырылатынын көрсете алады.

14-сурет

➢ **Есептеу таяқшалары**: педагогтар грамматикалық формаларды көрнекі ету үшін түсіне, ұзындығына байланысты таяқшаларға әртүрлі грамматикалық қасиеттерді бере алады.

➢ **Толық физикалық жауап әдісі:** білім алушыларға контекстің мәні мен пішінін біріктіруге, салыстыруға көмектесу үшін тыңдауға (аудио тыңдауға) негізделген жаттығуларды қолдануға болады. Білім алушылар физикалық немесе ауызша түрде әрекет ете алады немесе әртүрлі мысалдар тыңдап, содан кейін грамматикалық ережелерді өзі үшін анықтай алады немесе мұғалім ережені түсіндіре алады.

➢ **Тарих**: білім алушылар өтіп жатқан тақырыпқа негізделген қысқаша тарихты одан ары қарай жалғастырады. Бұл тарихта бірнеше рет грамматикалық элемент қолданылады, бұл тақырыпта осыған назар аудару қажет.

➢ **Аяқталған үзінді:** тарих баяндалып болғаннан кейін, педагог оны жаза алады. Оқушылар бос орындарды қажетті грамматикалық элементтермен толтыру керек.

➢ **Реалиялар / кассадағы заттар** құрылымды мәнімен салыстыру үшін пайдаланылуы мүмкін.

➢ **Диаграммалар, кестелер, графиктер, сызбалар** грамматикалық модельдер практикасында қолданылады.

➢ **Бөлшектенген фразалар:** сөйлемдерді бөлу: сөздердің дұрыс ретпен жазылуы, сұрақтарды құрастыра білу, етістіктің болымсыз түрін қолдана білу тәжірибесі үшін әр сөз сөйлеммен карточкаларға жазылады, сөздер араластырылады, сөйлемдегі сөздерді дұрыс ретке келтіру керек.

➢ **Сөзжұмбақ:** педагог білім алушы сөзжұмбаққа кіргізетін грамматикалық формалар тізімін жасайды.

➢ **Ойындар:** тілді үйрену кезінде үнемі жұмыс жасай беру шаршатуы да мүмкін. Ойындар сыныптағы жұмысқа енгізілуі тиіс болатындай оның бірнеше себептері бар:

- күлкілі және ынталандырушы ойындар **жоғары ынталандырушы** болып табылады;

- ойындар контексте тілді **мағыналы пайдалануға** мүмкіндік береді;

- мәселелерді шешуге арналған ойындар мен тапсырмалар коммуникативтік қызметтің ең қолайлы міндеттерінің мысалы болып табылады.

➢ Кейбір грамматикалық және лексикалық құрылымдарды қайталау кезінде **әндер** жиі қолданылады. Олар тыңдалым, сөйлеу, оқу және жазу қабілеттерін дамыту үшін тамаша ресурс болып табылады. Олар сондай-ақ тілдік модельдер, сөздік қоры, айтылымы, ырғағы, сын есімдер мен үстеулер сияқты тілдің түрлі аспектілерін оқыту үшін пайдаланылуы мүмкін. Ән арқылы оқыту сондай-ақ оқушылар үшін қауіпсіз атмосфераны қамтамасыз етеді.

Оқушылардың іс-қимыл тәсіліне байланысты дайындық және сөйлеу жаттығулары ажыратылады:

Дайындық жаттығулары жекелеген операцияларды немесе сөйлеу әрекеттерін пысықтауға бағытталған және оқушыларды табиғи коммуникацияға, қарым-қатынасқа дайындайды. Дайындық жаттығуларын орындау барысында сөйлеу дағдысы қалыптасады.

Орындау әдісі бойынша дайындық жаттығулары келесідей болып бөлінеді:

1. Имитативті жаттығулар ұсынылған сөйлеу үлгілерін бірнеше рет тыңдау және айта алу мақсатында қолданылады.
Жұмыс ФМК 2-кесте бойынша жүреді (5-кесте). Біріншіден, бұл жерде кіріктірілген сөздер берілген. Екіншіден, олар бірнеше рет топтастырылған. Өзінің функционалдық бағыты бойынша жаңа сөздер топтары өзгермелі сөйлеу міндеттеріне сәйкес келеді. Оқушыларға сөйлеу міндеттері бойынша сөздердің орналасуымен танысуға бір минут беру керек: бағалау, дәлелдеу, теріске шығару және т. б.

Бұл кезеңде әр түрлі топтардан сөздерді біріктіруге мүмкіндік беретін жаттығулар қолданылады, мысалы:

а) " Бос уақытты Коля қалай өткізеді? Бағалаңыз".

Тірек ретінде үшінші бағанадан сөздерді, сондай-ақ тапсырмадан сөз бастауды қолдануға болады. "Түсіндіріңіз...»;

б) "Өз көзқарасыңызды негіздеңіз". - Болашақта Вадим кім бола алады?

-Менің ойымша, ол жатыпішер болуы мүмкін. Оны ештеңе қызықтырмайды. Ештеңемен айналыспайды. Оның тіпті хоббиі да жоқ. Ол үшін бос уақыт- көше бойы теңселу.

ФМК 2-кесте бір минуттық дайындықтан кейін өзгеше қолданылады, оқушы, әдетте, кестеге қарамайды.

5-кесте Функционалды- мағыналы кесте – 2 (ФМК -2)

Сіздің пікіріңіз?	**Бос уақыт білдіреді...**	**Оның хоббиі...**	**Ол (уақыт өткізеді...)**	**Қа-жет...**	**Бос уақытты ұйымдастыру мынаған... байланыс-ты**	**Ол болуы мүмкін...**
Хабарлаңыз Ол үшін... Ол... Сондықтан... Шыныңда, ... Оның барлығы... Ең дұрысы...	Әр түрлі сабаұтарға уақыт ... ойын-сауық үшін	*Сурет* (значоктар) *коллекци-ялау*	Мақсатты ұғынықты	Бәрін дұрыс бөлу... Уақытты бос өткізбеу…	Жағдайға байланысты Ата-анаға байланысты	*Сурет .(ғалым)* *Жалқау* *Сурет.жүргізуші)*

Мақылдау әрқашан... Ешқашан... Тіпті... Оның уақыты... Мүлтіксіз... Сондықтан...	Көшеде серуендеу ... Үй жұмысы-нан бос жүру	*Сурет* (қыз сурет салып жатыр) Хобби жоқ	Уақытты босқа жіберіп жатыр	Білімін жетілдіру... . Танымды арттыру...	Сурет (ақша) әдет	Суреттер (құрылысшы) бұзақы
Түсіндіріңіз Мен ойлаймын... Оның хоббиі... Ол жай ғана... Ол не ... Менің ойымша ... Ол және ...	Оқуға уақыт ...сабақтан бос уақыт	Сурет. (бала футбол ойнап жатыр) әрекет-сіздік	доминоны ойнау қызықсыз	Ата-анаға көмектесу Қоғамдыө тапсыр-маны орындау	Ниетіне байланысты	Сурет (суретші) бұзақыға

Айта кету керек, кезеңдегі бөлу өте шартты, өйткені кестемен жұмыстың сипаты барлық сатыларда жинақталады. Сөздерді қолдану үдерісі бар деп айта аламыз, өйткені білім алушылардың әрекеттері (сөзді қабылдау, оның мағынасын білу, еліктеу, тақырыпты сөзбен белгілеу, сөздердің тіркесімі және оларды қолдану) орын алады, бірақ олар бөлінбеген, бірақ сөздерді қолдану, пайдалану негізінде синтезделеді.Үйде білім алушыларға мәселе туралы бірқатар мәлімдемелерді оқып, олардың ішінен басқаларға қарағанда өзіне көбірек әсер ететінін таңдап, себебін түсіндіруге тапсырма беріледі. Біз үш мәлімдеме ұсынамыз.

1) «Менің ойымша, бос уақыт дегеніміз - адам ештеңе жасамайтын уақыт». Сіз ешнәрсеге асықпайсыз, сізді ештенеге итермелемейді, осыдан артық не болуы мүмкін ... Сіз боссыз. Барлық уайымнан, жұмыстан боссыз. Қаласаңыз - күні бойы жатыңыз, қаласаңыз - серуендеңіз ...
2) «Дені сау адам үшін ештеңе жасамау - демалу емес. Мысалы, менің бос уақытым жоқ: көп оқуым керек, мектепті жақсы аяқтағым келеді. Бірақ адам бос уақытын спортқа арнауы керек деп санаймын ».
3) 3)«Меніңше, бос уақытты және жұмыс уақытын нақты ажырату мүмкін емес сияқты. Адамның жұмысы оның хоббиі болуы да мүмкін. Менің әкем - ғалым. Сондықтан ол физикадан басқа ештемемен айналыспайды. Ол физика туралы әңгіме жүргізеді немесе кітап оқиды. Ол адам жасап жатқан жұмысынан бос бола алмайды дейді».

2- САБАҚ

Осы сабақта жұмыс істеу ерекшелігі ФС-1 және ФС-2 пайдаланылмайды және оқушылардың жеке тұлғасына талқыланатын мәселелер тасымалданады (транспортталады).

Сабақ мұғалімнің бос уақыт мәселесіне қалай қарайтындығы туралы әңгімесінен басталады. Әңгіме мақсаты- меңгерілетін лексикалық бірліктерді еске салу. Сондықтан әңгімеде олардың бәрін әртүрлі тіркестерде қолданып және үй тапсырмасында ұсынылған кейбір сөздер бойынша өз пікірін айту керек. Бұл бес минуттан аспайды. Барлық қалған уақыт - бұл репродукция, қолдану кезеңі.

Өз сөзінен кейін мұғалім әңгімеге көшеді. - Ал сіздің пікіріңіз: неге бізде бос уақыт жиі жетіспейді? - мұғалім тізімдегі бірінші сұрақты қоя отырып, алдымен осы сұраққа кім дайын екендерін айтуды сұрайды. Содан кейін әрбір пункт бойынша басқа да оқушылар тартылады. Мәселенің барлық аспектілері талқыланады.Талқылау кезінде иллюстрациялық материалды қолдануға болады.

Бірінші сабақта бұл фильм-эпизодтың жеке кадрлары болуы мүмкін, екіншісінде жаңа иллюстрациялар болуы тиіс. Бұл кезеңде пікір деңгейіне тым жоғары талаптар қоюға болмайды: «сөздерін тек циклдің соңына қарай ғана еркін меңгеруі тиіс» . Оқушылар үйге тапсырма алады: сұрақтар тізімінен (олардың барлығы 15) төртеуін таңдап, көтерілген мәселелер туралы өз пікірлерін жазу. Бұл сұрақтар талқыланған мәселелермен байланысты, бірақ мәселені тереңірек қарастырып, кеңейтуі керек.

Мысалы: «Бос уақыт неге жетіспейді? Бос уақытыңды мектепте өткізе аласың ба? Біз «уақытын текке өткізетін» адамдар туралы не ойлаймыз? Және т.б. Бұл ретте игерілетін сөздердің әртүрлі үйлесімі берілген қосымша схеманы пайдалану ұсынылады (16-сурет). Ол екі мақсатқа қызмет етеді : үйлесімділікті меңгеруге көмектеседі және игерілген сөздерді қайта пайдалануға көмектеседі. Ол екінші сабақтың соңында оқушыларға берілуі мүмкін.

Өз пікіріңізді білдіріңіз! **Менің ойымша, ...** **Менің пікірімше, ...** **Мен сенімдімін, ...** **Бұған рұқсат, ...** **Бұған күмәндімін, ...** **Әлбетте, бұл ...**	**жұмыс...** **жеке...** **жоғалған...** **жіберілген...** | **жұмсау...** **қорғау...** **тарату...** **бөлу...** **табу...** **жету...** **жұмсау...** **өлтіру...** | **қалауы**	өтеді... өтті... жақындайды... аяқталады... келді... | **уақыт** | **бос уақытта** | **жинау** |	түскі ас... ұйықтау... демалыс... ойын-сауық үшін... | қамқорлықтан бос сабақтан жаттығулардан үй жұмысынан сабақтан | **айналысу** | музыкамен...

	күшті... таңқаларлық... ақымақ... кез келген... жүзеге асыру... ұстану... ескеру...	маркалар коллекциясын... белгілер... суреттер... кітапхана... бала кезден... ертеден бері... өткен жылдан бері	орыс тілімен... спортпен... сабақты бастау тастау...

16 – сурет

Жұмыстың сипатталған нұсқасы жалғыз бұл ғана емес: сәл басқаша FST, басқа жаттығулар, жұппен жұмыс, сөз тіркестерімен жұмыс істеуге арналған басқа үлестіру материалдарын қолдануға болады, бірақ жұмыстың табиғаты, оның функционалды бағыты әрқашан болуы керек.

2. Білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігінің негізгі міндеттерінің бірі ретінде **лексикалық дағдыларды қалыптастыру үшін педагогикалық тәсілдер.**

- ❖ Көрнекілікті қолдану. Көрнекілік тілді оқытудың бастапқы кезеңінде кеңінен қолданылады. Көрнекіліктің жіктелуінің бірі 3 түрді қамтиды:
  - пәндік (затты көрсету және оны);
  - бейнелеу(семантиза циялық суретті, сызбаны көрсету);
  - моторлы (іс-әрекетті көрсету және оны атау).

Түсініктеме - бұл шағын түсіндірме мәтін, оның көмегімен сөздің елтану фонына қатысты белгілер келтіріледі.

- ❖ Аударылымды пайдалану. Бұл тәсіл семантизацияланатын сөзбен белгіленген сөздерді (мысалы, жиһаз - үстел, орындық, шкаф, диван, яғни бөліктер арқылы тұтас түсінік); немесе сөзбен белгіленген түрлерге қатысты түрлік ұғымдар (мысалы, су айдыны - өзен, көл, тоған, яғни түрлер арқылы рулық ұғымды түсіндіру) білдіреді.
- ❖ Синонимдерді қолдану. Оқушыға жаңаға жақын сөз белгілі болған кезде қолданылады.
- ❖ Антонимдерді қолдану. Мүмкін, антоним оқушыларға белгілі болған жағдайда. Антонимдерді қолданудың тиімділігі антонимикалық қатынастармен байланысты сөздердің ұқсас үйлесімдік қасиеттеріне ие (маған ӨКІНІШТІ - маған КӨҢІЛДІ).
- ❖ Контексті пайдалану. Жаңа сөз осы мағынада (сөз тіркесі, сөйлем) көрсетіледі, ол оқушылардың өзі оның мәнін болжауға мүмкіндік

береді. Контекст бойынша болжау сөзді дәл түсінуді әрдайым қамтамасыз етпейтінін есте сақтаған жөн.

- Презентация - бұл оқушыларға жаңа лексикалық бірліктерді ұсыну және оларды түсіндіруді қамтитын әдістемелік процесс. Жаңа сөзді тек сөйлем құрамында енгізу керек.
- Лексикалық дағдыларды автоматтандыру сөйлеу әрекетінің барлық түрлерін кешенді оқыту процесінде жаттығулар жүйесінде жүзеге асырылады.

10. Әр түрлі сабақ түрлерін ұйымдастыру бойынша ұсыныстар

Құрылым бойынша сабақтар әртүрлі болуы мүмкін:

- **Сабақ түрі П-П-П (Презентация – Практика – Қолдану): бірінші кезеңде (презентация) мұғалім нақты өмірге жақын мәнмәтінді пайдалана отырып, мүмкіндігінше жаңа тілдік құрылымдарды енгізеді.** Бұл білім алушылардың қалай және қандай жағдайларда қолданылатынын көруі үшін маңызды. Әдетте, таныстыру кезеңі фокус нысанымен аяқталады. Содан кейін тәжірибе кезеңі басталады, сол кезде оқушыларға жаңа формалармен жұмыс істеуге мүмкіндік беріледі. Соңында, үшінші кезең-қолдану кезеңі кезінде оқушылар өз бетінше сөйлеуде жаңа модельдерді пайдаланады.
- **«Коммуникативтік міндетті шешеміз»** құрылымына негізделген сабақта оқушылар мұғалімнің бақылауымен атқаратын міндетке назар аударады. Жұмыстың барысын бақылау кезінде мұғалім оқушылардың қандай білім жетіспеушілігін байқап, оларды толтырады. Содан кейін оқушылар нысан мен мазмұнға ұқсас жаңа міндетті шешуге тапсырма алады, яғни оқушылардың алған білімдерін практикада пайдалануға мүмкіндігі пайда болады. Бірінші тапсырманы орындау кезіндегі қиындықтарға тап болған оқушылар білімді толықтыру қажеттілігін түсінеді және бұл оларды жаңа материалды неғұрлым күрделі зерттеуге итермелейді.

Сабақтың тағы бір жиі қолданылатын түрі **«Тест – үйрету – тест».** Сабақ жаттығудан (тест) басталады. Жаттығуды орындағаннан кейін мұғалім жаңа материалды енгізеді, содан кейін оқушылар жаңа материалды қолданады. Соңында оқушылар жұппен немесе топтармен (тест) тағы бір тапсырманы орындайды. Сабақтың соңғы екі түрі арасындағы ортақ жаңа материалды енгізу жаттығуды орындағаннан кейін жүзеге асырылады. Айырмашылығы, ең алдымен, коммуникативтік міндет негізінде құрылған сабақ алдын ала жоспарланбаған, яғни мұғалім қандай тілдік құрылымдарды немесе лексиканы енгізу керектігін білмейді. Шешім бірінші тапсырманы орындау сапасын бағалау кезінде қабылданады. «Тест – үйрету – тест» сабағының құрылымы сабақты жоспарлау кезеңінде жаңа материалды енгізу тәсілін қарастырады.

Бұл сабақтың негізгі құрылымдық түрлері, бірақ осы модельдер негізінде жоспарланған және өткізілген сабақтар бір-бірінен өзгеше болуы мүмкін (5- кесте). Мысалы, егер мұғалім күрделі тақырыпты немесе ақпараттың үлкен көлемін енгізу қажет болса, онда сабақ кезеңдері бірнеше сабаққа созылуы

мүмкін. Мысалы, презентация кезеңі бір сабақта, ал практика және қолдану кезеңдері – басқасында/басқаларында өткізілуі мүмкін. Сонымен қатар, оқушылардың қабілетіне және жаңа материалды қабылдауына байланысты сабақтың сол немесе басқа кезеңі қайталануы мүмкін. Мысалы, егер қолдану кезеңінде оқушыларда қиындықтар туындаса, мұғалім тәжірибе кезеңіне қайта оралып, оны қайтадан өткізе алады. Қалай болғанда да сабақтың құрылымы үш негізгі кезеңнен тұрады.

5- кесте ППҚ құрылымы бойынша сабақ үлгілері

	1- мысал	**2- мысал**
Сабақтың құрылымы	П-П-Қ	П-П-Қ
Тіл фокусы	Тұжырымдамалық сұрақтар Диаграмма	Білім алушылар контекст мәнін түсінеді
Оқыту фокусы	Білім алушылардың білгенін анықтау және оларды жаңа технологияларды меңгеруге бағыттау	Білім алушыларды грамматикалық құрылымның пайда болу түрін түсінуге итермелеу
Материалдар	Карточкалар «Зигзаг» жаттығуына арналған ұсыныстары бар карточкалар»	Жаттығулар үшін карточкалар «Кім, табыңыз…» Сауалнамалар
Грамматиканы енгізу тәсілі	Драма арқылы	Оқу арқылы
Практикаға арналған жаттығулар	Хормен қайталау Тап… Айт және іздеңіз	Өзіңіз туралы ұсыныстар жаз Сауалнама жасау
Қолдануға арналған жаттығу	Драма Ойын арқылы есте сақтау	Жаңа тілдік құрылымдар практикасына арналған сауалнамаларды қолдану
Қайталау/жалпылау	Көрініске пікір жазу	Құрастырылған сауалнаманы пайдалану

11. Сабақтың ұсынылатын кезеңдері:

- **Кіріспе.** Оқушылардың бірінен кабинеттен шығып кетуін өтініп, ол қайтып келгенде тосынсый күтетіндігін айтады.
- **Контекст жасау:** Сыныптан олардың бір үлкен отбасы екенін елестетуді сұраңыз. Олар сүйікті хомяктан айырылды (суретті осы сөзді енгізу үшін қолданыңыз) және қазір оны іздеумен айналысуда. Оларды бейнелеуді сұраңыз. Оқушының қайта оралуын сұраңыз. Сабақты бастаудың бұл жолы өте қызықты және барлық оқушыларды сабақ барысына тартуға

мүмкіндік береді . Сонымен қатар, жағдай бір іс- әрекеттің басқалармен үзілгендігін айқын көрсетеді .

Осындай әсерге жетуге мүмкіндік беретін жағдайлардың мысалдары:

✓ сауық кеші және Х мырза келеді,
✓ мистер Х келген сәтте үй жұмыстарын орындау кезеңі,
✓ қорқыныш фильмін көру кезінде электр жарығы өшеді.

- Қорытынды жаттығу оқушылардың өздері жаңа тілдік құрылымдарды қолдана алатындығын көрсетуі керек. Сабақтың бұл кезеңі **тілдік тәжірибе** деп аталады – тәжірибеде жаңа тілдік материалды қолдану. Сабақта оқушының мақсаты - бағыт туралы сұрап, түсіндіргенін түсінуді үйрну.

Төменде сабақ материалының қаншалықты игерілгендігін көрсететін жаттығудың мысалы келтірілген (17- сурет).

Мұғалім сыныпты екі топқа: А тобы және Б тобына бөледі. Екі топ бір қаланың картасын алады, бірақ олардың карталарында әртүрлі орындар бар. А тобы кітапхана, мұражай және бассейн орналасқан жерден сұрауға және оларды картада табуға тиіс, ал Б тобы спорт орталығын, саябақ пен сурет галереясын табуға тиіс. Оқушылардың жұппен орындайтын жаттығулары оларда бар ақпаратпен бөлісе отырып, бос орындарды толтыруға арналған жаттығулар деп аталады. Бұл жаттығулар өте пайдалы, өйткені оқушылардың тілін үйреніп қана қоймай, қарым-қатынас жасау үшін тілді пайдаланудың нақты қажеттілігі де пайда болады.



17 - сурет

Сыныпты екі топқа бөлу. Білім алушыларға ғарыш кемесі қонып жатқан кезде және екі өзге ғаламшарлықтардың көрінуі кезінде көшеде болғандығын

елестетуді айтыңыз. Көшедегі адамдар әр түрлі іспен сауда жасау, кофе ішу, автобус күту және т. б. шұғылданып, бос болмайды. Оқушыларға басқа топқа сценарий дайындауға уақыт беріңіз. Көрініс көрсету кезінде басқа топ әрбір көріністің қатысушысы не істеп жатқанын болжап, осы әрекеттерді есте сақтауы керек. Көріністен кейін, топта жұмыс істей отырып, олар көргені туралы ұсыныстар жасайды. Мұғалімнің іс-әрекеті: Оқушылардың не айтқанын бақылаңыз. Жаттығу соңында жіберілген қателіктермен жұмыс жасау үшін олар жасаған барлық қателіктерді жазып алыңыз.

- **Қорытындылау**

Жоғарыда сипатталған сабақтағы барлық жаттығулар ауызша орындалды. Оқушыларға жаттығуды жазбаша немесе сынып түрінде немесе үй тапсырмасы ретінде орындауға мүмкіндік беру ұсынылады. Жазбаша жаттығулар әдетте көп уақытты қажет етеді, бірақ сонымен бірге оқушыларға рефлексияға уақыт бар. Жазбаша жаттығулар өткен материалды жақсы есте сақтауға көмектеседі және бекіту жаттығулары деп аталады. Өткен материалды бекіту үшін мысал ретінде келесі жазбаша жаттығуларды ұсынуға болады: *«Сіз біреуді үйіңізге шақырдыңыз делік. Бұл адам ешқашан сіздің үйіңізде болмаған. Оған үйіңізге қалай жетуге болатындығы туралы ескертпе немесе электронды хат жазыңыз».* Оқушылардан көргендері туралы қысқаша есеп жазуын сұраңыз: Мысалы, күн сенбі еді. Көшеде адам көп. Екі қыз дүкеннің витринасын қарап тұрды және т. б. Оқушылар бұл тарихтың аяқталуын ойлап табуы мүмкін. Бұл жаттығу оларға жаңа модель мен алдыңғы фондық білімді біріктіре отырып, құрылымдық модельді еркін пайдалануға мүмкіндік береді . Сонымен қатар, осы жаттығуды орындай отырып, оқушылар ауызша және жазбаша жұмыс істейді. Біріншіден, олар көргендерді еске алып, ауызша ұсыныстар жасауы тиіс, екіншіден, олар көргендерді жазбаша түрде сипаттауы тиіс. Тарихты жазу кезінде оқушыларда құрылымдық модель туралы ойлануға және алған білімдерін жинақтауға тағы бір мүмкіндік пайда болады.

12. Пайдалы сілтемелер

Педагогтарға әдістемелік ұсыныстар ретінде оқу үдерісін тиімді ұйымдастыру үшін қажетті және пайдалы электрондық сілтемелер берілді (6-кесте)

6- кесте. Сілтемелер тізімі

http://www.edu-resource.net/	Көптілді және көпмәдени білім беру бойынша ақпараттық-әдістемелік ресурс
http://jazyki.ru/lingvodidaktika.html	Портал JAZYKI.ru -100 Тіл: оқу, оқулықтар, сөздіктер, форумдар.
http://inofon.spb.ru/	Орыс тілі, екінші тіл ретінде: әдістеме мен ресурстар Орыс тілін екінші тіл ретінде оқытуға арналған орыс тілі мұғалімдері мен мұғалімдеріне арналған портал.
http://www.russisch-fuer-kinder.de/	Орыс тілі, екінші тіл ретінде Сайтта орыс шетел педагогтарының тәжірибелік әзірлемелері жинақталған. Ойындар мен тапсырмалар жинағы, түрлі-түсті кітаптар мен сценарийлер - барлығы пайдаланушыларға тегін

	беріледі .
http://iyazyki.prosv.ru/2011/12/trudnee-legche/	«ПРОСВЕЩЕНИЕ. ИНОСТРАННЫЕ ЯЗЫКИ» «БІЛІМ. ШЕТ ТІЛДЕР» Мұғалімдерге арналған интернеттегі басылым: оқулықтар, әдістемелік әзірлемелер және басқалар.

13. Бастауыш мектеп үшін Интернет-ресурстар

Қазіргі уақытта Интернет-ресурстарды пайдалану өте өзекті. Әдістемелік ұсынымдар ретінде келесі Интернет-ресурстар берілді:http://lukoshko.net/

- ✓ http://ladushki.ru/
- ✓ http://www.nachalka.com/
- ✓ http://teremoc.ru/
- ✓ http://www.solnet.ee/
- ✓ http://samouchka.com.ua/_pismo_i_chtenie/22/
- ✓ http://100-000-pochemu.info/id/category/русский-язык
- ✓ http://speak-russian.cie.ru/time_new/rus/grammar/
- ✓ http://www.russisch-fuer-kinder.de/de_start/schule/index.php
- ✓ http://www.toys-house.ru/node/32746
- ✓ http://www.myltik.ru/
- ✓ http://1001skazka.com/

ҚОРЫТЫНДЫ

Адам өмір бойы коммуникативтік дағдыларды дамытады және жетілдіреді және тұлғаның қалыптасуына, ерік-жігеріне, мінез-құлқына, көзқарастар мен наным-сенімдеріне әсер етеді, бірақ сонымен қатар қарым-қатынас дағдыларын дамыту тәрбиенің ерекшеліктеріне, отбасындағы микроклимат, өмір салты және бала өсіп, өмір сүретін әлеуметтік орта сияқты көптеген факторларға байланысты. Адам белгілі бір коммуникативтік тәжірибе алмаған жағдайда, бұл оның әлеуметтік және рухани-адамгершілік жағынан одан әрі дамуына әсер етуі мүмкін.

Осыған байланысты қазіргі әлемдік білім беру кеңістігінде білім алушылардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру мәселесі өзекті болып отыр.

Әлемдік және Қазақстандағы қазіргі білім беруінде үш мақсатты тілді оқытуда басты назар коммуникативті тәсілге жасалады. Бұл мақсатты тілдерді оқитын білім алушыларға әлемдік және Интернет-кеңістікте еркін кіруге, сондай-ақ оқытылатын тілдің тілдік және мәдени ортасында толыққанды өмір сүруге мүмкіндік береді

Осы нұсқаулықта білім алушылардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру үшін мұғалімдерге лингвистикалық және тілдік емес пәндерді оқыту үдерісінде қолдануға болатын әртүрлі тиімді әдістер мен тәсілдер ұсынылады. Тілдік пәндерді оқытуда білім алушыларға оқытылатын тілдің сөйлеу нормаларын толық меңгеруге мүмкіндік беретін белсенді және интерактивті әдістер мен тәсілдерді қолдану ұсынылады.

Оқыту үдерісінде тиімді әдістерді қолдану білім алушыларға коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруда қосымша практикалық дағдылар мен іскерлікті меңгеруге мүмкіндік береді:

* дау-дамайға түсу, өз пікірін білдіру және қорғау немесе барлық тараптардың өзара іс-қимылының конструктивті желісін табу қабілеті;

* командада жұмыс істей отырып, қажетті ақпаратты алу;

* көшбасшылық қасиеттерді диалог басында және оны жүргізу барысында бастаманы өз мойнына алу, оның барысын басқару және қажетті сәтте оны аяқтау;

• әңгімелесу барысында - әңгімелесушінің айтқан сөздерінің ішіндегі ең маңыздысын таңдау, бөлектеу;

• диалогтың жоспарланған мақсатына, әңгімелесушінің әңгімелесуді әрі қарай жалғастыруды қалайтындығына қол жеткізу.

Білім алушылардың қарым-қатынас дағдыларын қалыптастырудың тиімді әдіс-тәсілдерін қолдану барысында педагог осы нұсқаулықтармен танысқаннан кейін:

- білім алушылардың жас ерекшеліктері мен деңгейлеріне сәйкес келетін қарым-қатынас дағдыларын дамыту мен қалыптастыру бойынша оқыту әдістерін анықтау;

- білім алушыларды екінші және / немесе шет тілдерін үйренудің әртүрлі деңгейлерінде коммуникативті құзыреттіліктерді игеруге ынталандыру;

- білім алушылардың дүниетанымын, қызығушылығын кеңейту үшін, ең алдымен, білім алушылардың қарым-қатынас дағдыларын жоғарылату үшін белсенді, интерактивті және басқа әдістерді қолдану.

Осы ұсыныстарға сүйене отырып, педагогтер өз жұмыстарында білім алушылардың ана тілімен қатар екінші және шет тілдерінде сәтті сөйлесе алатындай етіп ұйымдастыра алады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. 2020 – 2025 жылдарға арналған білім беруді және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы
2. Общеевропейские компетенции владения иностранным языком: Изучение, обучение, оценка. Департамент по языковой политике, Страсбург, 2003.(Московский государственный лингвистический университет (русская версия)).
3. Hadfield, J & C. Introduction to Teaching English. − Oxford University Press, 2012. URL: http://www.twirpx.com/file/445560/
4. Азарина Л.Е. Игры на уроках РКИ. Вестник ЦМО МГУ, 2009, №3. Практикум.
5. Азимов Э.Г., Щукин А. Н. Новый словарь методических терминов и понятий (теория и практика обучения языкам). – М.: Издательство ИКАР, 2009.
6. Акишина А.А., Каган О. Е. Учимся учить. Для преподавателей РКИ. - 6-е изд., стереотипное. – М.: Рус.яз. Курсы, 2008. URL: http://www.ruski-ekspres.com/uploads/products/315_nau_imo_se_u_iti_ru_ina_za_u_itelje.pdf
7. Анспока З. и др. Справочник по методике преподавания второго языка. – LVAVP,2005.
8. Методическое мастерство учителя: учебное пособие / Под ред. Е.И. Пассова, Е.С. Кузнецовой. – Воронеж: НОУ «Интерлингва», 2002. (Серия «Методика обучения иностранным языкам, № 18). Составители: Е.И. Пассов, Е.А. Морозова, Н.Е. Кузовлева.
9. Пассов Е.И. Основы коммуникативной методики обучения иноязычному общению. − М.: Рус. яз., 1989. Пассов Е.И. Основы коммуникативной методики. – М.: Русский язык, 1989.
10. Формирование грамматических навыков: учебное пособие / Под ред. Е.И. Пассова, Е.С. Кузнецовой. – Воронеж: НОУ «Интерлингва», 2002. (Серия «Методика обучения иностранным языкам, № 9). Составители: Е.И. Пассов, Е.Г. Завесова.
11. Формирование лексических навыков: учебное пособие / Под ред. Е.И. Пассова, Е.С. Кузнецовой. – Воронеж: НОУ «Интерлингва», 2002. (Серия «Методика обучения иностранным языкам, № 8). Составители: Е.И. Пассов, Н.Е. Кузовлева, Д.А. Литвиненко, Л.С. Медведева, С.Н. Пшеничнова, В.Б. Царькова.
12. Щукин А.Н. Методы и технологии обучения иностранным языкам / Щукин А.Н. – М.: Издательство ИКАР, 2014. – 240 с.
13. Charles M. Reigeluth & Julie Moore. Cognitive education and the cognitive domain. // Instructional-
14. Design Theories and Models: A New Paradigm of Instructional Theory, 1999.
15. Anderson, J.R. Cognitive Skills and Their Acquisition: John Robert

Anderson, 1989. – P. 387.
16. Thornbury, S. *How to Teach Grammar*. Pearson, 1999.
17. Celce-Murcia, M. & Hilles, S. Techniques and resources in teaching grammar . Oxford: Oxford, 1988.
18. University Press. Dictionary of Contemporary English, 2001.
19. Harlow: Longman. Halliiwell, S., 1992.
20. Teaching and learning grammar . London: Longman. Harmer, J., 1998.
21. Roku rokā 3. Komunikatīvi valodas vingrinājumi
22. Scrivener, J. 2003. Teaching grammar . Oxford: Oxford University Press.
23. Руденский Е.В. Социальная психология: Курс лекций. - М.: ИНФА-М; Новосибирск: ИГАЭиУ, 1997.-224с.
24. Петровская Л.А. Компетентность в общении. – М.: Изд-во МГУ,1989.-216с.
25. Бодалева А.А. Психологическое общение. – М.: Изд-во “Институт практической психологии”, Воронеж: Н.П.О, “Модек”, 1996.- 256с.
26. Жуков Ю.М., Петровская Л.А., Соловьёва О.В. Введение в практическую и социальную психологию. М.: Смысл, 1996.-373с.
27. Андреева Г.М. Социальная психология. - М.: Аспект Пресс, 1996. – 376с.
28. Общение и оптимизация совместной деятельности. Под редакцией Андреевой Г.М.- М.: 1987.- 297с.
29. Емельянов Ю.Н. Активное социально – психологическое обучение.- Издат Лен. Гос. Ун., 1985.-162с
30. Жуков Ю.М. Коммуникативный тренинг. - М., Гардарики, 2004.
31. Давыдов В.В. О перспективах теории деятельности. // Вестник МГУ. 1993. № 2.
32. Давыдов В.В. Теория развивающего обучения. - М., 1994.
33. Шатова Е.Г.Урок русского языка в современной школе. - М., 2007. Новосибирск: ИГАЭиУ, 1997.-224с.
34. Загрекова, Л. В. Теория и технология обучения: деятельностный подход / Л. В. Загрекова, В. В. Николина. – М.: Высшая школа, 2004.
35. Смольская, В. Ю. Применение дискуссионных методов обучения в вузе. – Режим доступа: www.sgu.- ru/files/nodes/63395/Smolskaia
36. 14. Виноградова, О. С. Проблемные методы в обучении иностранным языкам/О.С.Виноградова.–Режимдоступа: http://distant.ioso.ru/library/publication/vinogradova1.htm
37. Скалкин, В. Л. Коммуникативные упражнения на английском языке: пособие для учителя / В. Л. Скалкин. – М.: Просвещение, 1983. – Режим доступа: http://libc.omgpu.ru
38. Быков, А. К. Методы активного социально-психологического обучения: учебное пособие / А. К. Быков. – М.: Сфера, 2005.
39. Асеев, В.Г. Возрастная психология / В.Г. Асеев. – Иркутск: Издательство ИГПИ, 1989. – 194 с.

40. Казарцева О.М. Культура речевого общения: теория и практика обучения: Учебное пособие / – М., 1998. –с. 10. см. Lado R. Language Testing. – London, 1973.
41. Гольдштейн Я.В. Групповое взаимодействие как фактор успешности овладения иностранным языком. //Психолого-педагогические аспекты интенсификации учебной деятельности. /Под ред. А.В. Петровского и Г.А. Китайгородской. – М., 1983.

1-ҚОСЫМША

Білім алушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту бойынша мұғалімдерге арналған тренинг, коучинг және дөңгелек үстелдер өткізу

Тақырыбы: *Develop speaking skills with effective methods*

Авторы: *Гульжан Мусабековна Жаналиева, Алматы облысы Іле ауданының «№40 орта мектебі» КММ ағылшын тілі мұғалімі*

Өткізу формас: *шебер-сабақ*

Мақсаты мен міндеті: develop students' speaking skills with effective methods of teaching. Use appropriate subject-specific vocabulary and syntax to talk about a range of general topics, and some curricular topics.

Күтілетін нәтиже:

- English lessons are interesting, and proper learning and visualization are enough to make the learning effective;

- With interactive complex is to make sure not only students understand the subject but also that they are the effective resources to help their students become a favorite subject.

Мақсатты аудитория: For English teachers

Әдіс және тәсілдері: self - assessment with accomplishment of group work, using success criteria.

•Formation of favorable psychological atmosphere in work on the topic;

• Expected outcomes from the master class;

• To comprehensively understand the methodology of using IT technologies in the English language, including the platform Wilimland.kz;

• Describe the impact of the resources of Wilimland.kz on the choice of physics, forms, methods and tools;

• Perform individual, couples, group work;

• Get feedback via the ClassDojo platform.

Құрал-жабдықтар: smartphone, tablet, interactive whiteboard, slides, audio device

ШЕБЕР-САБАҚТЫҢ БАРЫСЫ:

Жұмыс кезеңдері: кіріспе бөлімі	**Кезең мазмұны**	**Қатысушылардың іс-әрекеті**
1.Organization moment . **5 min**	Participants are welcomed and presented with 5 different colored paper clips. They are divided into 3 groups by visiting the "Red", "Blue", "Green" tables. Improvement of participants' confidence; To be able to actively interact with one another in the process of cognition; Separation of teamwork. Sign up for all attendees on the "ClassDojo"	The paper clippings are divided into 3 groups by color. All participants will be logged on to the ClassDojo platform for receiving and evaluating feedback.

To introduce teachers to the aim of the seminar and to establish a collaborative atmosphere. **Objectives:** To introduce colleagues to each other and to share them with each other. Expected result: An atmosphere of solidarity among the participants.	platform to receive and evaluate feedback. ClassDojo **ClassDojo<hello@classdojo.com>** **(G) Warm-up** Okey hello everybody I want to start my master class with well known dance and I want everybody join in my dance. It is a dance called hacka dance if you join me and please join and get comfortable place for yourself can you please stand up please. I want to make it so quick do what I do, say what I say. Ok here we go it is weird but fun I use it in my classes **Who iia** **a chicka chicka chimba** **I am wishin Musha Musha Musha** **Iya iya iya iya iya iya iya** You perfect take a clap yourself **(W) Introducing lesson objectives** This is a kind of energiser I use in my classes my name is Gulzhan and I am from № 40 school I have been teaching English for 10 years and today to develop speaking skills is more important. I would like to present the best activities for developing speaking skills	
2. Introduction **25 min** **Theme: develop speaking skills with effective methods** Share your thoughts on how to use BilimLand.kz site in pairs **Activity: 2 Truth and lie**	Learners talk 2 truth and 1 lie things according to the topics: ✓ 1-group. Baby's health. ✓ 2-group. Teenager's health. ✓ 3-group. Adult's health **Worksheets for 1-group:** In the first year of life, a baby will triple in size. Breast milk is a highly nutritious source of energy, providing the high amounts of fat that are needed to help fuel this growth. By the time a baby has become a toddle, it's able to take energy from other sources, and so only a third of it's daily calories should be from fat. Vitamin D and calcuim found in milk are particulary important at this time to help build strong bones. **Worksheets for 2-group:** Adolescence requires more energy than any other life stage due to the many changes balanced place in the body. A high energy but providing diet is important nutrients needed	https://twig-bilim.kz/kz/film/life-cycle-nutrition Learners watch the

Activity: Role play **Activity: Bingo**	**Worksheets for 3-group:** Energy requirements decline with age, but the need for protein, vitamins, and minerals remains the same. One of the most common problems as we age is osteoporosis which particulary affects women. This is a condition where bone density reduces increasing the risk of fractures. High amounts of Vitamin D and calcuim throughout life can help protect against osteoporosis Learners have to make up dialogue. 1. Ordering a meal 2. Seeing a doctor 3. At the supermarket Learners watch the video and complete the gap • learners think in group • discuss about health problem • share with the whole class 1. Each component has a distinct impact on _____(functioning), _____(development), _____(mood) and _____(energy). 2. Of the fats of the brain, the _____(superstars) are omegas 3&6. 3. The essential fatty acids _____ (must) come from our diets. 4. What are the three kinds of food? _____ (nuts, seeds, fatty, fish) 5. Protein and amino acids manipulate how we____ (feel) and _____(behave) 6. Put the words in order (Assuming that we are getting glucose regularly, how does the specific type of carbohydrates we eat affect our brains?)	video and tell to each other 2 truth and 1 lie information according to the video. Learners make up situation according to the following topics https://en.islcollective.com/video-lessons/effect-food-our-brains learners play the bingo game and answer to the guestion
Conclusion **5 min**	The modern English language course is compatible with all operating systems and devices. Includes all stages of English language training. Become a Qualitative Learning Tool for Teachers and Students. English lessons are fun, and in order to be effective in learning, you have to choose the right program and visualization. This interactive complex helps pupils not only to understand the subject, but also to help students make it a favorite subject. The main thing is that the students have the ability to speak.	
Reflection of participants «Basket» **5 min**	Writing stickers on a general lesson is written down on the target.	**ClassDojo** hello@classdojo.com the teacher makes the feedback.

DEVELOP SPEAKING SKILLS WITH EFFECTIVE METHODS

Zhanalieva Gulzhan
№40 secondary school

1

WARM UP

- Who iia
- a chicka chicka chimba
- I am wishin Musha Musha Musha
- Iya iya iya iya iya iya iya

2

2 TRUTH AND LIE

- Criteria:

Give 1 false information

- Descriptor :

Watch the video

Make up 1 false sentences

3

VOICE ACTING

- Criteria :

Sound the film creatively

- Descriptor:

Watch the film

divide into roles and voice acting the film

4

Grandparents

parents

- Vova

Elder sister

Little sister

English teacher

5

BINGO

- Criteria

Answer questions correctly and quickly

- Descriptor

Answer to the question one by one

6



Тақырыбы: *«Жарқын болашақ иесі – бүгінгі жас маман»*

Авторы: *Серікбай Құралай Жайшылыққызы, Қызылорда облысы Қазалы ауданы Қ.Пірімов ауылы «Қ.Күлетов атындағы № 92 орта мектеп» КММ педагог-психологы*

Өткізу формасы: *тренинг*

Мақсаты: Педагогтардың «Мен педагог» позитивті концепциясын, коммуникативті дағдыларын қалыптастыруға, жаңа ортаға бейімделуіне, басқа адамдарды түсінуге психологиялық қолдау көрсетіп, дамыту.

Міндеті:

1. Бір – біріне деген сенімділік, адамгершілік қатынасын қалыптастыру.
2. Психологиялық қолдау көрсету.
3. Шығармашылыққа бағыт беру.

Қатысушылар: жас мұғалімдер

Жұмыс түрі: Топтық

Қажетті материалдар: А4 қағаз, қалам, маркер, флипчарт

Күтілетін нәтиже:

Жоспар:

1. Релаксация «Менің болашағым»
2. «Танысу» жаттығуы
3. «Ғажайып» жаттығуы
4. Жас мамандарға арналған сауалнама
5. Арт-терапия
6. «Жаңбыр» сергіту жаттығуы
7. Ситуациялық сұрақтар
8. Жас мамандарға психологиялық кеңес

Тренинг барысы:

Кіріспе сөз

Психолог: Құрметті жас маман ұстаздар! Бүгінгі *«Жарқын болашақ иесі – бүгінгі жас маман»* атты тренингімізге қош келдіңіздер. Нағыз мұғалім болып

қалыптасу жолы ұзақ та күрделі. Ол ең алдымен мұғалімге, оның кәсіби шеберлігіне және жеке басының жақсы қасиеттеріне, білімі мен жүрегінің кеңдігіне, ойлау қабілетінің жоғарылығына байланысты, яғни тиянақты оқыту мен тәрбиелеуді жан - жақты жетілдіруді қажет етеді. Жас ұстаз мектептің болашағы. Ал, болашақ әркез бүгіннен басталатыны сөзсіз. Олай болса, ұжымның шығармашылық өсуі оқу – тәрбие жұмысының нәтижесінде. Ал, нәтиже оқытып тәрбиелеп отырған балалардың тәрбиелілігі мен білімділігінде.

1. Релаксациялық жаттығу. Әуенді музыка ойнап тұрады. Қатысушылар көздерін жұмып, еркін, өзіне ыңғайлы отырады.

«Менің болашағым»

Сіз өзіңізді кішкентай жаңа туған сәби ретінде елестетіңіз. Сіз күн санап өсіп келесіз. Ақырын - ақырын еңбектеп, жүруге даярланып жүрсіз. Бірте - бірте былдырлап тіліңіз де шыға бастады. Сіз уақыт өте келе тіліңіз де айқындалып, жүрісіңіз де нығайды. Мектеп табалдырығын аттап, білім алудасыз. Күнделікті тіршілік арнасымен білінбей уақыт өтіп, міне мектеп бітірудесіз. Алдыңызда ұлы өмір басталды. Кім болам? Қандай мамандық иесі болам? – деген армандарыңыз бүгін міне орындалуда. Оқуды тәмамдап мектепке жұмысқа келдіңіз. Сізді жұмысқа қабылдады. Сіз өз жұмысыңызға тиянақты, қызығушылықпен кірісе бастадыңыз. Ортаңыз қолдау беріп, білмегендеріңізге көмек беруде. Арада бірнеше жыл уақыт өтті. Сіз беделді, жақсы атағыңыз шыға бастаған, тәжірибелі ұстаз болдыңыз. Сіз өзіңіз де енді жас мамандарға қолдау берудесіз. Сабағыңызды беріп болып, жайлап үйіңізге қайтып барасыз. Жолда осыншама атақ, нәтижеге қалай жеткеніңізді есіңізге түсіріп келесіз. Міне сол оймен үйге де жеттіңіз. Сіз қуанышты, әрі бақытты сезіммен үйге ендіңіз.

Талдау: Қандай күйде болдыңыз? Жемісті еңбекке қалай қол жеткіздіңіз?

2. «Танысу» жаттығуы.

Әркім өз есімін және есімдерінің бастапқы 3 әрпінен тұратын өз бойындағы үш қасиетін айту керек. Осылайша шеңбер бойымен жалғастырып әрқайсысы өздерін таныстырып шығады.

3. *«Ғажайып»жаттығуы.*

Біздің көбіміз, яғни барлығымыз биікте, ғажайып болғымыз келеді. Ал осы «ғажайып» дегеніміз не? Енді барлығымыз «ғажайып» сөзіне ұқсас бір - бір сөзден айтып көрейік. Қатысушылар келесі сөздерді айтуы мүмкін: идеал, үлгі, нәзік, бір бағыттағы, өте жақсы.

Сөздіктерде «ғажайып» сөзіне мынадай анықтама береді – бұл «барлық жақсы қасиеттер қамтылған, ең жоғарғы дәрежедегі қасиет»

4. Жас мамандарға арналған сауалнама

1) Сіз өз мамандығыңызды дұрыс таңдағаныңызға сенімдісіз бе?
2) Сіз өз пәніңізді ұнатасызба?
3) Оқыту процесінде қиындық кездессе кімге жолығасыз?
4) Сіз оқушыларыңызбен ортақ тіл табыстыңыз ба?
5) Тәлімгеріңізге көзқарасыңыз қалай?

6) Сіздің шығармашылық мүмкіндігіңіз? (оқушыларды немен қызықтыра аласыз?)

7) Қатты ренжіген сәтіңізде не істейсіз?

8) Ата - анаңызбен қарым - қатынасыңыз қалай?

9) Сіз жұмыстан кейін үйге асығасыз ба?

10) Сізге біздің ұжымда жақсы ма? (қосатын ойыңыз болса)

Талқылау.

5. Арт-терапия: изо-терапия. «Шеңбер бойымен сурет салу» және «Умаждау» техникалары.

Келесі жұмысымызға келетін болсақ, ол арт–терапияның бір түрі изотерапия – сурет арқылы адамның жан жарасын емдеу. Алдарыңызда берілген ақ парақ пен қарындашты алып сурет саласыздар, жаймен музыка ойнап тұрады, музыка тоқтаған кезде сіздер өздеріңіз салып жатқан суретіңізді келесі адамға жалғайсыз. Осылайша өз суреттеріңіз қайта оралғанша шеңбер бойымен жалғаса береді. Өзің бастаған сурет өзіңе келгенде, өз суреттеріңе қарай, тақырып беріп талдау жұмысы жүргізіледі. Жас мамандардың жалғастырма суреттері бірінің ойынан бірі шыққандай, бірлесіп (топтасып) жұмыс жасауға үйренгені байқалады. Келесі жаттығуда берілген қағазды умаждайсыздар. Күйзеліске түсірген бір жайтты еске ала отырып умаждап, артынан қағазды ашып, диаганальды түрде сол жақ бұрышына, ортасына, жоғарғы бұрышына мына сұрақтар бойынша сурет саласыздар.

1.Күйзеліске түскенде басқалар қандай күйде болды?

2.Күйзеліске түскенде өзің қандай күйде болдың?

3.Күйзелістен шыққанда қандай күйде боласың?

6. «Жаңбыр» сергіту жаттығуы.

Нұсқау. Барлық қатысушылар шеңбер құрып тұрады. Тренер шеңберде тұрғандарға жаттығу береді, қатысушылар қимылды кезекпен қайталау керек.

1 шеңбер – алақанды бір - біріне жеңіл ысқылайды (ұсақ жаңбыр)

2 шеңбер – саусақпен алақанды шерту (өткір жаңбыр соққысы)

3 шеңбер – алақанмен тізені шапалақтау (жеңіл отыра)

4 шеңбер – тізені алақанмен ұрғылау және жерді алақанмен тарсылдату (жаңбырдың өте қатты дыбысы)

5 шеңбер – алақанмен тізені шапалақтау (жаңбыр азаяды)

6 шеңбер – саусақпен шерту

7 шеңбер – алақанды ысқылау

8 шеңбер – қолды жай жіберу (жаңбыр тоқтайды)

Жаңбыр біздің ашуымыз сияқты жайлап басталып, арықарай құйынға айналып, соңынан басылады.

7. Ситуациялық сұрақтар

1) Ата - аналар жиналысында сіз баласы туралы нашар пікір айттыңыз. Ата - анасы баласын жақтап, мұғалімді кінәлады. «Білім, тәрбие бере алмайсыңдар», - деп ашуланды. Барлық ата - ана сізге қарап отыр. Қандай жауап қайтарасыз, қандай әдіс - тәсілдерді қолданасыз?

2) Оқушылар мұғалім орындығына бор жағып қойған. Сіз байқамай отырдыңыз да киіміңізді былғап алдыңыз. Оқушылар байқап сізге ескертті. Қандай амал қолданасыз? Жаппай ұрысасыз ба? Басқа да амал қолданасыз ба?

3) Оқушы сіздің сабағыңыздан үнемі қашып кетеді. Жетекшінің, мектеп директорының еш нәтиже шықпады. Мектеп әкімшілігі оқушыны қызықтыра алмадың деп сізді кінәлады. Басқа оқушылар сіздің с абағыңызды ұнатады. Әлгі оқушымен қандай жұмыс атқарасыз және қандай шара қолданасыз?

4) Сіз үйге тапсырма бердіңіз. Оқушы үй тапсырмасын реферат түрінде, оқулықтан тыс материалмен, ғылыми деректермен дәлелдеп жазып келген, сіз ол деректер жайында білмейсіз. Оқушы жұмысын қалай бағалайсыз? Білмейтініңізді білдірмей қалу керек пе?

5) Сабақ үстінде балалар бір келеңсіз іс істеді. Сіз бір оқушыны кінәлі деп тауып, оған ұрса бастадыңыз. Қатты - қатты сөз айттыңыз. Бір уақытта басқа оқушы ол істі өзінің ісчтегенін мойындады. Ал сіз ашуыңызды бірінші оқушыға көрсеттіңіз. Не істейсіз? Бірінші оқушыдан кешірім сұрайсыз ба?

6) Сіз бүгін қандай бір жағдаймен сабаққа дайын емессіз. Өзіңіз жас маман болғандықтан, жоспарсыз сабақ өткізу сіз үшін қиындық келтіреді. Сабаққа келсеңіз, сабағыңызға кісі қатысып отыр. Не істейсіз жағдаяттан қалай шығасыз?

8. Жас маманға жадынама

Жас маманға өзінің кәсіби қызметі саласындағы жобалау, болжам жасау, әрқайсысының даму деңгейін айқындай отырып әріптестерімен қарым - қатынас жасау, шығармашылық ізденіс топтарын ұйымдастыру сияқты жұмыстардың әдіс - тәсілдерін игеруге ықпал жасайтын ғылым зерттеу іс - әрекеттерінің жолдарын үйрету – тәлімгер ұстаздардың басты міндеті.

Сабақ өткізуде, жас мұғалімге арналған жаднама

1) Кабинетке қоңыраудан ерте келіп, сабаққа барлық нәрсе дайын екеніне, тақта таза екеніне, көрнекі құралдардың дайындығына көз жеткізіңіз.

2) Оқушылардың сізбен ұйымдасқан түрде сәлемдесуіне жол табыңыз.

3) Сыныптағы оқушыларды, әсіресе – ерекше назар аударатын оқушыларыңызды түгелдеңіз.

4) Ұйымдастыру кезеңіне аз уақыт жұмсауға тырысыңыз.

5) Журналдың бетін қоңыраудан бұрын ашып қойыңыз.

6) Кезекшілерден сабаққа келмеген оқушыларды сұрап белгілеңіз.

7) Сабақты ерекше жігермен бастаңыз.

8) Сабақты әрбір оқушы бос болмайтындай етіп жүргізіңіз.

9) Аз кідірістер, баяулық, жұмыссыздық сабақта тәртіпсіздік туғызады.

10) Оқушыларға матиериалды қызықты, мазмұнды өткізіп ойлауға еліктіріңіз.

11) Нашар оқитын оқушыларға өз күшіне сенуге көмектесіңіз.

12) Бүкіл сыныпты қадағалаңыз.

13) Жұмыс тәртібін бұзғысы келген әрекеттің алдын алыңыз.

14) Сабақ кезінде басқа істермен щұғылданғысы келген оқушыларды болдырмауға тырысыңыз.

15) Білім бағасын іскерлікпен дәлелдеу арқылы бағалаңыз.

16) Жоғары баға алу үшін не нәрсені көбірек білу керек екенін айтыңыз.

17) Сабақты қоңыраумен бірге бітіріңіз.

18) Кезекшілердің міндеттерін еске салыңыз.

19) Артық айтылатын ескертуден сақ болыңыз.

20) Оқушылардың тәртіпсіздігі кезінде басқалардың көмегін қажет етіңіз.

21) Есте сақтаңыз: Тәртіп сақтауда бөтен кісінің беделі сізге пайда келтірмейді, керісінше зиянын тигізеді. Ең жақсысы сыныптан қолдау күтіңіз.

Жас мамандардың алдына қойылатын көптеген тапсырмаларды өз бетінше орындауына үлкен ізденіс пен ойлау, жігер мен ынта, күш қажет. Жас мамандарды оқу орнын бітіре салысымен, барлық нәрсені біледі деуге болмайды, оның педагогика саласындағы алғашқы кезеңінде педагогикалық жүйе дамытылып отыру қажет. Осындай әдістемелік пәндік жүйеде жаңа жас маманға өз білімін жетілдіру үшін пәндік курстардың атқаратын рөлі өте маңызды. Жас мамандар ұстаздық қызметінің алғашқы жылдарында – ақ, бар күш - жігерін тек қана жұмысқа арнауы керек.

Жас маманға:

Әдістемелік жұмыстың ғылымилығы, жүйелілігі, кешенді сипаты, шығармашылық сипаты, нақтылығы қажет.

Әдістемелік жұмысты мұғалімдердің өз білімдерін жетілдірудің жалпы мектептік, топтық және ақылға қонымды, үйлесімді, кешенді түрде жүзеге асырылуы ақыры жоғары нәтижелікке жеткізеді. Жас мұғалімдерді кәсіби шеберлікке баулу керек. Атап айтсақ, жас мамандарға қойылатвн талаптар:

- Мұғалімнің жеке көзқарасы бар және соны қорғай білетін жігерлі тұлға және маман мұғалім болуы қажет;
- Мұғалімнің педагогикалық ойлау қабілеті ғылыми түрде қалыптасуы тиіс;
- Мұғалім – білім негіздерін өз бетінше оқып, үйренуге, оқушыны баулуға міндетті;
- Мұғалім педагткалық қарым – қатынаста қызмет ететін тұлға болуы керек.

Педагог әр уақытта өз білімін толықтырып, шығармашылығын арттырып отыруға міндетті. Тәлімгерлік жұмыста ең бастысы, жас мамандарды еліміздің мәртебесін асқақтататын білімді, парасатты, ақылды, мәдениетті, іскерлі, парасатты, ақылды, мәдениетті, іскерлі мұғалім болуға баулу.

Қорытынды:

«Бақыт деген не?» деген сауалдың «Бақыт деген – таңертең жұмысқа, кешкісін үйге асығу» деген жауабын сіз де естіген шығарсыз. Расында да, сүйікті жұмысымызға, туысымыздан артық болып кеткен қызметтестерімізге ақ көңілімізбен асығып жетсек, жұмыстан соңқұрқылтайдың ұясындай жылы

ұямыздың шуағына кенелу үшін асыққанымыз көңіліміздің тыныштығын білдірмей ме?

Педагогикалық әдеп бойынша әрекет жасайтын мықты мамандарымыздың, жаңа ғасырдың жаңашыл шәкірттерін тәрбиелейтін жаңа сипаттағы шебер ұстаздарымыздың саны жыл санап мектебімізде арта берсін, сіздерге тек жеміс пен жеңіс тілей отырып, бүгінгі тренингімізді аяқтаймын.

2- қосымша

Білім алушылардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға арналған қысқа мерзімді жоспарлардың үлгілері

Оқу пәні: *«Әдебиеттік оқу»*
Мұғалімнің аты-жөні: *Барақбаева Асыл*
Мектебі: *Қызылорда облысы Қазалы ауданы Қ. Пірімов ауылының «Қ.Күлетов атындағы №92 орта мектеп» КММ*

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: **4-бөлім: «Дені саудың-жаны сау»** Күні: 31.01.2020	Сынып: 2 Қатысқандар саны: 22 Қатыспағандар саны:0
Сабақтың тақырыбы	***Көңіл сұрауды білемін*** *«*Жолбарыс пен түлкі» (ертегі) 24-25- бет
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	2.2.6.1 - кейіпкердің сыртқы келбетін сипаттау, мінез-құлқы мен іс-әрекетін бағалау
Сабақтың мақсаттары	Барлығы: мәтінді оқиды, түсінеді, бағалауға қатысады, кейіпкерлердің іс-әрекетіне баға береді, рөлге бөліп оқиды. Көпшілігі: тақырыпты болжайды, қажетті ақпаратты тауып оқиды, алған әсерімен бөліседі. Кейбірі: ой толғауын әсерлі, шынайы әңгімелеп жеткізе алады.
Бағалау критерийлері	-суретпен жұмыс жасайды; -диалог құра алады; -рөлге бөліп, мәнерлеп оқи алады; -қасқыр мен түлкінің іс-әрекетіне баға бере алады; -топтық жұмыс белсенді жүреді.
Құндылықтарды дарыту	Ынтымақтастық, құрмет
Тілдік құзіреттілік	Күжілдеп
Пәнаралық байланыс	Қазақ тілі, жаратылыстану
АКТ қолдану дағдылары	Интербелсенді тақта, таныстырылым.
Алдыңғы оқу	***Мен істейтін жұмыс бар***

Сабақ барысы

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру 5 минут	**1. Сыныпты қалыпқа келтіру.** - Балалар көңіл-күйлеріңіз қалай? - Тамаша! - Сабаққа дайындықтарыңыз қалай? - Керемет! - Ендеше сабағымызды бастайық! - Бастайық! **2. Үй жұмысын сұрау, өткенді пысықтау:** «Серпілген доп» әдісі 1. Жұмысқа дейінгі баланың сөзі. 2. Жұмысқа дейін бала қандай киім киді?	 Доп

	3. Жұмысқа дейін апасы баласына не деді? 4. Баланың жұмыс кезіндегі киімі қандай? 5. Жұмыс кезіндегі іс-әрекеті. 6. Жұмыстан кейінгі күйі қандай болды? 7. Апасының сөзі ... ***Бағалау: Қошеметтеу***	
Сабақтың ортасы 28минут	**Ой қозғау. Тақырыпты ашу.** «Әдеп әліппесі» бейнежазба көрсету. Көрсетілім арқылы оқушылар ойларын тыңдау. Сабақтың тақырыбын ашу. **(Ұ) 1-тапсырма.** Нақыл сөздің мағынасын ашу. Ауырып ем іздегенше, Ауырмайтын жол изде. ***Бағалау:*** *от шашу арқылы* ***Топқа бөліну.*** *Аң аттарына байланысты топқа бөліну.* ***Жолбарыс Түлкі Қасқыр*** ***Сабақтың мақсатымен таныстыру.*** *Кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалауды үйренеміз.* ***(Ж) 2 – тапсырма. Ертегіні түсініп оқу.*** «Жолбарыс пен түлкі» ертегісі Өзбетінше түсініп оқу. Сөздік жұмысы : күжілдеп ***(ЖЖ) «Жұбымызды табайық» әдісі*** Мазмұны бойынша сұрақтадың жауабын тауып, түсініктерін толықтыру. 1. Ертегі кейіпкерлерін ата. - Жолбарыс, түлкі, қасқыр 2. Қай аң сырқаттанып қалды? - Жолбарыс 3. Барлық аңдар қай аңға барды? - Жолбарысқа 4. Барлық аңдар жолбарысқа не үшін барды? - Көңілін сұрау үшін. 5. Қай аң келмей қалды? - Түлкі. 6. Осы жерде қасқыр не істеді? - Өсек айтты. 7. Жолбарыс не істеді? - Ашуланды 8. Түлкі дереу жүгіріп келіп не деді? - Мені көргіңіз келген екен, міне, келіп тұрмын!- деді. 9. Жолбарыс ашуланып оған не деді? -Барлық аң келіп, менің көңілімді сұрады, ал сен неге келмейсің? 10. Түлкі қалай құтылып кетті? - Е, құдіреттім! Сіздің науқас екеніңізді мен бәрінен бұрын білдім. Содан сізге дәрі іздеп кеттім, - деді.	«Әдеп әліппесі» бейнежазба Ауырмаудың жолдарын іздеу, мысалдар келтіру. Қима қағаздар, суреттер Оқулық Өз жұбыңды тап: Сұрақтар мен жауаптар жазылған қима қағаздар.

